



• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Омыртқа дискісінің жарығы – ЭВОЛЮЦИЯ «ЖЕМІСІ»

Омыртқа дискісінің жарығы, жалпақ тілде «грыжа» бәріне таныс. Қазір ол екінің бірінде, егіздің сынарында кездеседі. Қай жерін ауырса, жаның сол жерде екені рас. Омыртқадан басталған дерт бастан, бақайға дейін әсер етуі бек мүмкін. Себебі, омыртқа бойында жүйке талшықтары да, бұлшық ет қарқасы да орналасқан. Емделмеген дерт салдарынан адам жүре алмай қалуы да ғажап емес. Бір жағынан ауырсыну, екінші жағынан болашаққа деген қорқыныш адамға дерт шипасын іздетеді. Бұл жолда кездескен ем түрінің бәрі нәтижелі деуге әсте келмес. Әрі біреуге қонған ем екіншісіне әсер етпей, керісінше, зиянын тигізуі мүмкін. Үміт жетегінде жүріп алданып қалу оп-онай. Ондай оқиғалар жайлы естіп, көріп жүрміз. Сондықтан, омыртқа дискісінің жарығы және оны дәстүрлі, дәстүрлі емес жолдармен емдеу жайлы сөз қозғаймыз.

істейтін жұмыс көбейді. Жастар компьютер алдында көп отырады. Сәйкесінше, бұлшық еттер жұмыс істемейді, бұлшық ет қарқасы әлсірейді де, грыжа пайда болады. Сосын еш дайындығыз ауыр атлетикамен айналысып жатады. Ол да әсер етеді. Бір жағы мұны диагностикалау әдістерінің жақсаруы себебінен деп айтуға болады. Бұрындары рентген арқылы ғана анықталса, қазір МРТ, КТ бар, – дейді ол.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Адамзаттың дерті

Ашық дереккөздерден қарасаңыз, не дәрігерлерден сұрасаңыз, оның адам эволюциясының нәтижесінде пайда болғанын білесіз. Адам аяғынан тік тұруы омыртқаға салмақ түсіреді. Мойын, кеуде және бел омыртқасының жарығы бар. Оның ішінде көбірек кездесетіні – белдікі.

Профессор Х.Мақажанов атындағы көпбейінді ауруханасының жоспарлы нейрохирургия бөлімінің меңгерушісі Нұрлан Жұмаділовтің айтуынша, омыртқа дискісінің жарығы – остеохондроздың бір көрінісі.

– Ерте ме, кеш пе ол барлық адам ба-

ласында пайда болады. Бірақ, оның клиникалық білінбеуі мүмкін. Ал, остеохондроз түсінікті тілмен айтсақ, омыртқаның табиғи қартаюуы. Адамның жүріп-тұруы бұған тікелей әсер етеді. Ауырсыну, ұю, сұғып алғандай белгілер байқалады. Ауру оқыс қимыл, жарақат салдарынан асқынды көрінеді, – дейді Нұрлан Жұмаділов.

Осыған дейін омыртқа остеохондрозы, дискілер жарығы қандай да бір мамандықтарға тән деп есептелді. Кеншілер, ауыр жұмыстағы адамдар, жүргізушілер жиі ауыратын. Қазір ауру айтарлықтай жасарған. Мәселен, хирург операция жасағандардың ең жасы – 12, көрісі – 82 жаста. 12 жастағы балада грыжа болатындай қандай күш түсуі мүмкін? Оның себебі – бұлшық еттердің әлсіздігінде.

– Қозғалысыз, бір орында отырып

Мануальды терапия ем бе?

Медицина дәстүрлі, дәстүрлі емес деп бұрыннан бөлінетінін білеміз. Дәстүрлісі түсінікті, дәрігерлер. Дәстүрлі емес медицина – шығыс медицинасы, ол бағыда қалыптасып, өзін дәлелдеген. Олай болса, әлеуметтік желіде жарнамасы көз сүріндіретін мануальды терапевтер мен сынықшыларға баруға бола ма? Тайған омыртқаны ұрып, орнына салып жатқан бейнежазбалар қаптап жүр. Оның үстіне невропатологтардың бірі «сынықшыға бар» дейді, екіншісі «оларға жолауға болмайды» деп қорқытады. Ауруы жанына батқан науқас екі ортада қалады.

Бұл ретте Нұрлан Жұмаділов ондай емді сертификаты, базасы бар мамандар ғана жүргізуі керек деген пікірде.

► 4-бет

• «ҚАУІПСІЗ ҚАЛА»

Бейнебақылау: құқық бұзу кемиді

Барлығы назарда тұруы тиіс. Қарағанды облысында «Қауіпсіз қала» жобасы аясында қосымша 133 бейнебақылау камерасы орнатылады. Жобаны облыстық ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы полиция департаментімен бірлесіп жүзеге асырады.

– Соның нәтижесінде бұл жол учаскесінде жол қозғалысы ережелерін бұзу фактілері күрт төмендеді, – деді Павел Ортнер.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

– «Қауіпсіз қала» жобасы үш жылға жоспарланған. 2021 жылы іске қосылды. Бүгінде 2859 камера мен 110 аппараттық-бағдарламалық кешен орнатылған. Биыл аудан әкімдерінен және тұрғындардан қосымша камералар мен аппараттық-бағдарламалық кешен орнатуға сұраныс пайда болды. Біз жаңа бағдарламаны әкімшілік полиция басқармаларымен, Қарағанды облысы полиция департаменті жергілікті полиция қызметімен және Қарағанды қаласы полиция басқармасымен келістік. Шілде айында 24 жылдамдық өлшегіш пен 133 бейнебақылау камерасын орнатуға қаражат бөлінді, – дейді «Қауіпсіз қала» жобасының менеджері Павел Ортнер.

1 тамызда қосымша аппараттық-бағдарламалық кешен іске қосылды. Қарағанды, Теміртау және Саран қалаларында жаңа жылдамдық өлшегіштер пайда болды. Аппараттық-бағдарламалық



кешен алғаш рет Шахтинск қаласында орнатылды. Тұрғындардың өтініші бойынша Жол қозғалысы ережелерін тіркеудің тағы бір құралы Абай ауданындағы Дубовка ауылының маңына қойылды.

Қосымша 133 қауіпсіздік камерасы тамыз айының соңына дейін орнатылмақ. Бұл – статикалық камералар. Мамандар «құрылғылар суретке сапалы түсіреді» дейді.

• ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНА!

Ақселеудің ескерткіші лайықты жерге қойылса ләзім болар еді



Ақселеу Сейдімбек!
Алаштың абызы, қазақтың қобызы болған қайран Ақселеу!
Ақаң елім деп өмір сүрді.
Желтоқсан көтерілісі кезінде ұлтшыл деп танылып, қызметінен қуылды.
Бірақ, Ақаң морт сынбады.
Сынуға хақысы жоқ еді.
Ақаң өзін іштей қара қайрақтай қайрады.

Жарияланбаса да, жазуын жалғастыра берді.

Заманның беті бері қараған тұста «Күй шежіре», «Көшпелілер тарихы», «Қазақ әлемі» атты ғаламат еңбектерін халқына тарту етті.

Еліне қыруар рухани мұралар қалдырды.

Бір өзі бір ғылыми-зерттеу институтының жұмысын жасады.

Бір кезде өзі журналист ретінде еңбек еткен, аяғының ізі қалған Қарағанды қаласында Ақселеу Сейдімбектің еңселі ескерткіші бой көтереді деген қуанышты хабарды сүйсіне естіген едік. Алайда, Ақаңның ескерткіші қойылатын жер көңілімізден шықпай отыр.

Естүмізіше, ескерткіш Саттар Ерубайев көшесінің бойындағы облыстық мұражайдың алдына қойылмақшы көрінеді.

Бұл – тіпті де дұрыс ұйғарым емес! Біріншіден, олай болған жағдайда Ақаңның ескерткіші талдардың тасасында көзге елеусіз жерде қалады.

Екіншіден, қаланың жаңа орталығы Оңтүстік-Шығыс аумағына ауысып жатыр.

Демек, Ақаңның ескерткіші қаланың жаңа орталығында көзге көрнекі жерде тұруы керек!

Ол үшін бірден-бір лайықты орын – осы Оңтүстік-Шығыста жақсы үлгімен жаңадан салынған Балалар мен жасөспірімдер сарайы.

Ақселеу Сейдімбектің ескерткіші осы Сарайдың алдында тұруы керек деп

санаймыз. Бұл Сарайға Ақселеу Сейдімбектің есімі беріліп, келешекте жасөспірімдерге арналған ғылыми орталыққа айналуы қажет!

Еліміздің рухани қазынасына аса зор мұра қалдырған Ақселеу Сейдімбектің еңселі ескерткіші қаланың көрнекі жерінде қозғаныш болып тұруға тиісті!

Ілия ЖАҚАНОВ,
сазгер, Қазақстанның Еңбек Ері
Асанәлі ӘШІМОВ,
актер, Қазақстанның Еңбек Ері
Қайрат БАЙБОСЫНОВ,
әнші, Қазақстан Республикасының
халық артисі, Мемлекеттік
сыйлықтың иегері
Қойшығара САЛҒАРИН,
жазушы, тарих
ғылымдарының докторы
Тұрсын ЖҰРТБАЙ,
жазушы, филология
ғылымдарының докторы
Темірғали КӨКЕТАЕВ,
физика-математика
ғылымдарының докторы
Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ,
ақын, Абай атындағы мемлекеттік
сыйлықтың иегері
Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,
ақын, Абай атындағы мемлекеттік
сыйлықтың иегері
Заркын ТАЙШЫБАЙ,
филология ғылымдарының
докторы, академик
Торхан МАЙБАС,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі
Қайрат КЕМАЛОВ,
Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген қайраткері
Аманжол ӘЛТАЙ,
Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаты



● БРИФИНГ

Қыста қалтырамасқа сенім бар

Өткен қыста еліміздің біраз қаласы «мұз дәуіріне» өтіп барып, әуіріммен әрең қалды. Құзырлы органдар жыл сайынғы жылыту маусымына дайындық туралы есептерінде «қақаған қысқа сақадай саймыз» деп жарыса жариялағанымен, бұрсен қаққан жұрт көктемге өзегі талып жеткені рас. Егер Екібастұзда апат болып, қазандық жарылмағанда, еліміз көп ұзамай энергетикалық күйреудің аз-ақ алдында екен. Дәл осы жағдайдан кейін республика бойынша, оның ішінде, Қарағанды да бұған дейін «ешкім басын ауырттып, балтырын сыздатпаған» жылу желілерінің жағдайына көз қырын сала бастаған-ды. «Бақсам бақа екен» демекші, сөйтсе, Кеңес дәуірінде салынып, содан бері күрделі жөндеу көрмеген жылу желілері әбден тозығы жетіп, ідалда күйде. Тіпті, биылдан қалып, жөндеу жүргізілмесе, алты ай қысты өткеретін Қарағанды, оның ішінде, Теміртау Екібастұздың кебін киді екен. Одан бөлек, елімізде коммуналдық желілері айтарлықтай тозған төрт облыс болса, соның бірі – Қарағанды екені тағы бар. Егер желілер шұғыл қалпына келтірілмесе, жағдай қиын. Бұл ел көлемінде ең көп жылу электр орталығы бар өңіріміз үшін маңызды болмағын өзіңіз-ақ бағамдай беріңіз.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жылыту маусымына дайындық тиянақты

Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысы Ербол Төлеуов осылай дейді. Тіпті, биыл жылыту маусымына дайындық барысында облыс әкімдігінде арнайы штаб ұйымдастырылып, оның құрамына тиісті мемлекеттік органдар мен коммуналдық қызмет көрсететін кәсіпорындардың қызметкерлері кірген. Аткарылуы тиіс шаралар кестемен жүргізіліп, қатаң қадағалауда. Кестеден ауытқанының қиканын ешкім көтермейді. Себебі, алда қылышын сүйретіп, қыс келе жатыр.

– Биылғы жылыту маусымына 96 миллиард теңге бөлінді. Бұл қаражатқа, жылу-электр орталықтары, жылу көздері мен жүйелеріне жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бөлінген қаржы өткен жылмен салыстырғанда 24 миллиард теңгеге артық екенін айту керек. Қаржыландыру көздері әр түрлі. Бірінші республикалық және облыстық бюджеттен бөлінді. Екіншіден, жылу-электр орталықтарын ұстап отырған монополистердің өз қаржылары да бар, – дейді Ербол Уәлиұлы.

Бөлінген қаржының біраз бөлігі жылу желілерін алмастыруға жіберіледі. Ол үшін 34 миллиард теңге қарастырылған. Ал, 96 миллиард теңгенің 16 миллиарды – жылу-электр орталықтарының өзіндегі жұмыстарға жұмсалады.

Қарағанды – жылу орталығы көп өңір

Жалпы, облыста жеті жылу-электр орталығы бар. Қарағанды – 17 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қаланың ішіндегі ең көп жылу-электр орталығы бар жалғыз өңір. Одан бөлек, 660 автономды жылыту жүйесі тағы



бар. Олар әлеуметтік маңызы бар нысандарды, атап айтқанда, мектептер мен балабақшаларды, ауруханаларды, спорт және мәдени нысандарды жылытады. Басқарма басшысы биыл осы нысандарға да ақша бөлінгенін айтып отыр. «Облыстағы 660 автономды жылу жүйелеріне 1 миллиард 600 миллион теңге бөлінді» дейді ол.

Жалпы, биылғы бөлінген қаржы көлемі каншалықты ауқымды болса, атқарылатын жұмыс одан да көп. Одан бөлек, ақшаны неғұрлым тозып тұрған бөлікке бөліп, оңтайлы жұмсап, аз шығынмен шығу тағы бар. Мәселен, Ербол Уәлиұлы 96 миллиард теңгенің 34 миллиарды жылу қуатын тасымалдауға бөлінетінін айтады. Электр жүйесін тасымалдау үшін 16 миллиард қарастырылған.

– Жылыту маусымына дайындық жұмыстары әр түрлі. Оған күрделі және ағымдық жұмыстар кіреді. Одан бөлек су және қарыз құбырларын жөндеуге де 21 миллиард теңге бөлінді. Газдандыру да тыс қалған жоқ. Мәселен, жалпы бөлінген 96 миллиард теңгенің 6,37 миллиарды осы салада, – дейді Ербол Уәлиұлы.

Дайындық – 79 пайыз

Қарағанды облысында 5743 көпқабатты тұрғын үй бар. Күн суытқанға дейін оның бәрін сақадай сай қылу керек. Сөйкесінше, басқарма басшысы дайындық жұмыстарын бірлесе атқарып жатқандарын айтады. Мәселен, қала әкімдіктерінің құзырына кіретіні – дайындық жұмыстары, жылу тасымалдау. Әрі қарайғы шаруа – тұрғындардың міндеті. Атап айтқанда, ПИК-тер мен МИБ-тердің жұмысы басталады. Олар өздеріне қарасты үйлердегі жүйені қысқа дайындайды.

– Кесте бойынша жұмыстардың 79 пайызы орындалды. Жылыту маусымына дейін әлі 1,5 ай бар. Оған дейін жұмыстарды толық орындап бітіреміз, – деп уәдесін берді Ербол Төлеуов.

Айтпақшы, жылыту маусымына дайындыққа көмір түсіру де кіретінін ескеру керек. Қазір облыстағы жеті жылу-электр орталығы көмірмен жабықтаумен қызу айналысуда. Себебі, күзден көктемге дейін орталықтар 6 миллион 500 мың тонна көмір жағады. Қазір бары – 1 миллион 100 мың тонна. «Әр станцияда 20 күндік көмір қалдығының қоры болуы керек» дейді басқарма басшысы.

Теміртау қысты

6 қазандықпен бастайды Дайындық дайындықпен, бірақ, қиындықтар да жоқ емес екен. Теміртаудағы жылу-электр орталығына ие болып отырған «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның кежесі кейін тартып, тағы да жұмыс кестесін бұзған.

– Өткен жылы қысқа қалай кіргенімізді білеміз. Соған байланысты бұл бағытта дайындық жұмыстарын жүргізіп отырмыз. Теміртау қысты алты қазандықпен бастау керек деген мақсат қойдық. Сондықтан, жылыту маусымы басталғанға дейін барлық жұмысты кесте бойынша жүргіземіз. Жұмыстар облыс әкімінің жеке бақылауында, – дейді Ермек Уәлиұлы.

● ТИКЕЛЕЙ ЭФИР

Үй жануарын тіркеу міндетті

Қазіргі уақытта үй жануарларын тіркеу ерікті болса, 1 қыркүйектен бастап үй жануарларын (ит, мысық) тіркеу міндетті. Сенім 109 алаңында облыстық ветеринария басқармасының басшысы Қайырбек Тұрсынбеков елді алаңдаған сұрақтарға жауап берді.



– Қазіргі уақытта жануарларды тіркеуге қатысты үй жануарларының иелерінен сұрақтар туындауда және осыған байланысты біз кейбір тармақтарды түсіндіріп өтуді жөн көрдік. «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылы 30 желтоқсанда қабылданды. Заң осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап күшіне енеді. Осы Заңның аясында үй жануарларын (ит пен мысық) баспа, сырға, білезік немесе тағы басқа да есепке алу бұйымдарын ақылы негізде салу жүргізіледі. Тек иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын отбасылардың үй жануарларын (ит, мысық) есепке алу – тегін. Тіркеу рәсімін мемлекеттік және жеке ветеринариялық қызметті атқаратын ұйымдар жүзеге асырады, – дейді басқарма басшысы

Қазақстан Республикасы заңнамасының жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы нормаларын іске асыру мақсатында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі үй жануарларын есепке алу қағидаларын және жануарлардың тізбесін әзірледі.

Осы Қағидаларға сәйкес үйдегі, уақытша ұстау изоляторындағы, жануарларды оңталу орталықтарындағы, зоологиялық питомниктердегі қолға үйретілген жануарлар (ит, мысық, шиншилла, күзен, сәндік егеуқұйрық, тасбақа, егеуқұйрық,

хомяк немесе мини-пиг, маймыл және тағы басқалары), неси алуысқан кезде міндетті түрде қайта есепке алынады.

Жануарларды есепке алу бұрын да жүргізілген, бірақ тіркеуді негізінен жеке ветеринариялық клиникалар жүргізген болатын.

Қарағанды облысы бойынша бұралқы, қараусыз қалған және үй жануарларын тіркеу TANBA ақпараттық жүйесіне мәліметтерді енгізу арқылы жүзеге аспақ.

– Жануарларды тіркеудің екі жолы бар. Жануардың иесі ОСҚ тіркелу арқылы жануар туралы мәліметтерді TANBA жануарларды тіркеу ақпараттық жүйесіне өз бетінше енгізе алады, жануардың тіркелгенін TANBA жүйесінде тіркелген ветеринариялық клиника немесе мемлекеттік ветеринариялық станция ғана растай алады. Екінші нұсқа ветеринариялық немесе TANBA жануарлардың ақпараттық жүйесінде тіркелген мемлекеттік ветеринариялық станцияға хабарласа аласыз, ветеринарлар жануар туралы деректерді енгізеді және жануарды тіркейді, – дейді Қайырбек Тұрсынбеков.

Есепке алу нормаларын бұзғандар үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 407-2-бабында тиісті айыппұл көзделген.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

● ГРАНТ

«Талаптыға нұр жауар...»

Нұра ауданы Қарой ауылының тұрғыны Талғат Жүкенов өз жеке ісін ашуға мемлекеттік грантқа қол жеткізіп, көбік блоктарын өндірімен айналысып жатыр. Табыс табумен қатар, болашақта бірнеше адамға жұмыс беруді жоспарлап отыр.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Талғат Жүкенов екі ұлын жалғыз тәрбиелеп отырған әке. Жасы – 48-де. Оның мамандығы – құрылысшы. Былтыр «Бастау Бизнес» бағдарламасымен кәсіпкерлік негіздерін оқып, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы бойынша мемлекеттік гранттар байқауына қатысуға шешім қабылдапты.

– Алдымен, бизнес-жоспар жаздым. Кейін оны қорғап, 1 миллион 600 мың теңге көлемінде грант алдым. Бұл қаражатқа қажетті құрал-жабдықтар мен нысандар сатып алынды. Жақында үйімнің жанынан цех аштым. Өзім жұмыс істеп жатырмын, ұлдарым да көмектеседі. Бұл өтеусіз гранттар өз бизнесін бастағысы келетіндер үшін жақсы мүмкіндік екенін айтқым келеді, – дейді Талғат Жүкенов.



Цехтың ауданы шамамен 10 шаршы метрді құрайды. Ісін жаңадан бастаған кәсіпкер сан емес, сапа үшін жұмыс істейтінін алға тартты. Өндірілетін көбік блоктарының көлемі таспырыстарға байланысты көрінеді.

Талғат болашақта өз шеберханасын кеңейтуге ниетті. Нұра ауданында биыл барлығы 10 грант берілген. «Талаптыға нұр жауар» деген сөздің шын екеніне осындайда көз жеткізесіз.

Нұра ауданы

● ӨЗЕКТІ

Кент сусыз отыр

Долинка кентінің тұрғындары екінші жыл құрғақшылықтан зардап шегіп келе жатқанын айтып, зар қағуда. Бақшаны суармақ түрлі үйдегі судың аз мандымайтын көрінеді. Жергілікті тұрғындардың мәлімдеуінше, су қоймасына ығалғ беріп тұратын өзеннің суы тартылған соң, ұңғымалардағы жер асты суларының деңгейі бірнеше есеге төмендеген.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қиярымыз ащы. Өйткені, су жоқ. Бұрынғыда ұңғымаларда 3 метр су болатын. Қазір бір метр де жоқ. Әдетте сорғыны қосқаннан су атқылай жөнелетін-ді. Ал, қазір сорғымыз су сорғанша жарты сағат күтуіміз керек. Себебі, су жоқ. Жақын арада болатын да сиқы көрінбейді, – деп шағымданады Долинка тұрғыны Кристина Банах.

Кент тұрғыны Евгения Полашкованың да шағымы бар. Оның айтуынша, 10 литрлік шелекті толтыру үшін 7 минут күту керек. – Үйдегі су құбырынан мандытқып су келмейді. Бақша суаруды мүлде ұмыттық. Ұңғымалар су мүлдем жоқ, – деді ол.

Тұрғындар бұдан бөлек, орталық су құбырына бір жарым мыңға жуық жеке үйдің жетеуі ғана қосылғанын айтып, шағымданады.

– Анам көкөніс бақшасын алды. Олар жаңа ұңғымға қазды. Онда да су жоқ. Олар шыққан



азды-көпті шалшық суды сорып, қайтадан бұрғылады, су әрі қарай шықпай қойды. Осы жұмысты істегуге кісі жалдады. Оларға 500 мың теңге кетті. Енді соның несие-есін төлеп отыр. Көз алдында бақша-шаң қурап, жұмысың кері кетіп, босқа несиеге бату оңай емес. Қурап жатқан картоп, арпа. Әкім бізге бұл мәселе бір жылдан кейін шешілетінін айтқан. Бір жылдан кейін мұнда ешкім қалмауы да мүмкін. Мұнда сусыз не бітіресіз? Біз негізінен көкөністен, егіннен табыс табамыз. Кейбірінде ғана мал бар. Сонымен күнелтіп отыр,

– деді Елена Салимова.

2014 жылы Долинкаға су құбыры тартылған. Бұл ауылда әйгілі Қарлағ мұражайы орналасқан. Мұражай, мектеп, емхана және № 30 және 31 колония сумен қамтамасыз етілді. Құбырлар кенттің негізгі үш көшесімен салынды. Бірақ, халықтың көп бөлігі өз ұңғымаларын пайдаланды. Себебі, орталық құбырға қосылу тым қымбат болды.

– Асфальттың астын қазуға тура келді. Бұл құбырды асфальт астынан өткізу үшін қымбат техника қажет. Менің көршім бірне-

ше жыл бұрын құбырға қосылды. Ол құбырдың метріне 50 мың теңге төледі. 10 метріне 500 мың теңге берді. Бұл – сол уақыттағы баға. Қазір бағалар өскен. Енді ойлай беріңіз. Ақшасы жоқтар не істеуі керек? – деді кент тұрғыны Карина Волошина

Кент әкімдігінің қызметкерлері судың тапшылығына құрғақшылықты кінәлап отыр. Екі жылдан бері көктемде де Топар су қоймасынан мұнда су келмеген. Шерубай-Нұра өзенінің арнасы да кеуіп қалған. Құм-кирпіш тас қоспасын өндіретін бірнеше қарьерлер де өз әсерін тигізген.

– Ұзақ уақыт бойы бұл желілер иесіз болды, қазір зерттеп жатырмыз. Мысалы, ұңғымалар кесте бойынша орнатылған. Бұл құбырлардың жабықтары тұрғындар сындырып тастаған. Желілерді қалпына келтіру үшін белгілі деңгейде инвестиция қажет. Кенттегі үш негізгі учаске мен орталық көшелерді келесі жылға қалпына келтіруді жоспарлап отырмыз. Қалғандары кезен-кезенімен болады. Бірақ, мен дәл қазір ел өздері айтқандай қиын жағдайда отыр демес едім, – деді жергілікті әкімдік өкілдері.

Билік өкілдері өткен жылдан бері Шахтинск су арнасының мамандары желілерге тексеру жүргізіп жатқанын айтады. Шахтинск су арнасының мамандары желілерді балансқа алынбағанын айтты.



KLMZ өнімі: «Қарағандыда жасалған»

Қазақстанда экономика тірегі болатын отандық өндіріске көңіл бөліне бастады. Машина жасаушылар да өз өнімін шығарып, ел игілігіне жұмыс істеуде. Мемлекет басшысы Қазақстан машина жасаушыларының IX форумында: «Қазақстандық машина жасаушылар қойылған міндеттерді тиісті деңгейде орындауда, шығарылатын бұйымдар номенклатурасын кеңейтуде, жаңа технологиялық әзірлемелерді енгізуде, жалпы елдегі экономикалық өзгерістер көшбасшыларының қатарында. Мемлекет машина жасау саласының сұранысқа ие жобаларын әрдайым қолдап келеді және қолдайтын болады. Жолдауда мен өңдеу өнеркәсібінің экспортын 24 миллиард долларға дейін және еңбек өнімділігін 2025 жылға қарай отыз пайызға ұлғайту міндетін қойдым» деп сенім білдірген еді. Осы Қазақстан машина жасаушылары ортасынан өз орнын ойып тұрып алған, «Қарағандыда жасалған» деген таңбамен шығып жатқан Жәнібек Байғабелов басқаратын «Maker» ЖШС-KLMZ өнімдері еліміздің ғана емес, шетел нарығына да шықты.

Тапсырыс берушілер саны артты

– Біз 2019 жылға дейін компанияның негізгі тапсырыс берушісі «Қазақмыс» корпорациясына өнімдер дайындап келдік. Сол жылдан бастап, темірден түйілген бұйымдарды пайдаланушылар санын арттыра бастадық. Бүгінде басқа компанияға жасалған бұйымдарымыз 2 пайыздан 22 пайызға дейін өсті. Бұрын тек тау-кен саласындағы кәсіпорындарға ғана жұмыс істесек, қазір мұнай өндіру секторына да өз өнімдерімізді ұсынамыз. Сонымен қатар, теміржол саласына да бет бұрдық. Мысалы, Астанада шығарылатын «Тальго» электровозына, «Қамқор-Астана», «Қамқор-Локомотив» серіктестіктеріне арнайы бөлшектерді дайындаймыз. Бұрын корпорация үшін 4 мыңдай бұйым шығарсақ, оны 6 мыңға дейін арттырдық. Бір ғана құю өндірісі цехы тек қана анкерлік гайкаға ғана арналса, бүгінде 45 түрлі қосалқы жабдықты шығарады. Айына әзірленген 6-8 тонна бұйымдар 25 тоннаға дейін жетті, – дейді «Maker» ЖШС-KLMZ-нің өндіріс директоры Андрей Сафонов.

Зауытта көмір таситын вагонет-калар, шахта түбіндегі суды соратын сорғы, жүздеген тонна топырақты ұстап тұратын анкерлік бекітіме, кеніштердегі ауыр техниканың бөлшектері, пойыздың тежегіштері сынды мыңдаған бұйым жасалады.

Экспортқа шыға бастады

Бұдан екі жыл бұрын пандемия қыспаққа алған уақытта, облыс басшылығының қолдауымен «АрселорМиттал Теміртау»

АҚ-ымен үш жақты келісім нәтижесін беріп, импорттық өнімді теміртаулық металмен алмастырған зауыт ішкі нарықты игеріп қана қоймай, өз өнімдерін экс-


поректоры Қарағанды қаласында кәсіпкерлердің, осы салада жүрген мекемелердің артуымен, әрі, тәжірибелі мамандардың шоғырлануымен байланыстырады.



портқа шығара бастады.

– Өзірге «Подольск машина жасау зауыты» мен «ПромСиб-Энерго» компанияларының тапсырысын орындадық. «ПромСиб-Энерго» туралы айтсақ, оларға Жылу электр орталығына ауыр кранға арналған қосалқы бөлшек дайындап, «Подольск машина жасау зауытын» арнайы металл жабдықтармен қамтамасыз еттік, – дейді Андрей Сафонов. Сонымен қатар, зауыт өнімдері Қырғызстан мен Өзбекстанға да шығады.

Қазіргі таңда жалпы қарағандылық машина жасаушыларға сенім артып, өнімдеріне сұраныс өскен. Мұны өндіріс ди-



100 пайыз дәлдік

Заманауи қондырғылармен жабдықталған зауыттың бұйымдары 100 пайыз дәлдікпен шығады. Өйткені, зауытта Қазақстандағы СББ станоктардың ең ауқымды паркі бар. Озық технологияларды, құралдарды және виртуалды ортада өңдеуді толық модельдеумен компьютерленген конструкторлық-технологиялық өнімдерді пайдаланып, механикалық өңдеудің кең ауқымын қамтитын әмбебап үлгідегі импорт алмастыратын ірі машина жасау кәсіпорны. Зауыт өңдеудің барлық кезеңдерінде Renishaw датчиктерін пайдаланып, станок-



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

та бөлшектерді өлшеп және импорттық кескіш құралды қолдана отырып, жоғары жылдамдықты, жоғары дәлдікте өңдеуді қолданады. SIEMENS NX, Teamcenter бағдарламалық өнімдері базасында өндірісті конструкторлық және технологиялық дайындаудың бірыңғай жүйесін, құрал ұзындығын анықтау үшін Zollern өлшеу машинасын пайдаланады.

Зауыттың өз конструкторлық-технологиялық басқармасы бар. Кез келген жаңа бұйымның сызбасы осында сызылады. Толқуымен қоса кепілдік те беріледі. Зауыттың Қарағандыдан тыс, Балқаш, Жезқазған қалаларында кәсіпорындары бар. Үш қалада 2 мыңға жуық адам еңбек етеді.

Зауыттың ішіне кіре қалсаңыз, түрлі металл жабдықтары мен қосалқы бөлшектер шығаратын, металл кесетін станок, дәнекерлеу роботы, дайындау, сығымдау, газбен кесу және ио арқылы жабдықтарды күрделі жөндеуден өткізетін цехтарды көресіз.

Түйін

Токсаныншы жылдары тарыдай шашылып, темір-терсекке өтіп кетпей аман қалған, Қарағандыдағы тау-кен, шахта жабдықтарын жөндеу зауыты «Қазақмыс» корпорациясы құрамындағы «Maker» ЖШС-KLMZ компаниясы деген атпен отандық өнім шығаратын іргелі зауытқа айналды...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Сан сапа бермесе, нөлге айналады

Құзыретті мекемелер «қыстың қамын жаз ойлап», сол жолда барын салуда. Қалада жылу желілері жаппай ауыстырылып жатыр. Қарқынды қозғалысқа. Қазірдің өзінде Қаныш Сәтбаев көшесінде ұзындығы 300 метр құбыр жөндеуде. Жылу жүйесінің жаңғыртылып жатқанын Әлімхан Ермеков пен Құрылысшылар даңғылынан да байқауға болады.

қатысқан облыстық мәслихат депутаттары орайлы кезді қалт жібермей, жаз мезгілінде ыстық судың жоқтығы турасындағы мәселенің шетін шығарды. – Өздеріңізге әбден белгілі.

Бұл мәселе бұрыннан бүгінге дейін ауық-ауық көтеріліп келеді. Жекелеген жобалар да даярланған. Қайсыбірі 200 млн. долларға бағаланды уағында. Бірақ, ол идеялар қағаз бетінде

деген үмітін жеткізді.

– Жер астында сумен де, бумен де күн сайын алысу оңай емес. Бригада мүшелері бойынша суық өтіп, «ревматизм» сынды «кәсіби» сырқатқа жиі шалдығып тұрады. Қит етсе, қызметкерлеріміз асфальттағы құдыққа түсіп, амал етуге міндетті. Кейде құбыр жақын болғандықтан ол жердегі температура бағамы +45 градустай болуы мүмкін. Ондай жерге қысқы киім қолайсыз. Елестетіп көріңіз. Сондықтан, сырттағы сақылдаған суықты елемей, барыпша жеңіл киіммен жүреді. Қарапайым мысал. Құбырдың бұрмаланып жабасуы қою да оңай шаруа емес. Ыстыққа малшынған маман шылқып терлеп, сыртқа шыққанда оны суық күтіп алады... Қысқасы, көзді ашып-жұмғанша жылу жүйесінің жұмысшысы бойынша ауаның 75 градуска алмасуынан бастап кешеді... Осындай азапқа түскен жұмысшыларымыз өңірде жылу жүйесін қалай жасауға тиіс екенін сыйлайды. Жұмыс үздіксіз. Токтау деген атымен жоқ. Бұған шайлығына татымас айлығын қосып қойыңыз. Бүгінде бізге 160 маман қажет. Сан сапа бермесе, нөлге айналатынын сіздер жақсы білесіздер, – деді спикер.

Ессесіне қайсыбір жылыту учаскесі істен шығып қалса, мамандар жер қазып әуре болмайды бұрынғыдай. Жаңа технология жаңа мүмкіндік сыйлайды. Кәсіпорындар жөндеуге қажетті материалдарды негізінен отандық өндірушілерден алады, ал үлкен диаметрі құбырлар Ресейден келетін көрінеді.

– Байырғыдай жұмысшыларымыз «археологтың» кебіні кимейді. Желел диспетчерлік бақылау жүйесі көп жайтты жеңілдетті. Істен шыққан аумақ бірден белгі беріп, аз уақыт ішінде мәселе оңтайлы шешіледі. Бұған қоса, желілерді желімдейтін мердігер компания кемінде үш жылдық кепілдігін қоса береді, – дейді мамандар.

Жылу маусымына дайындық облыс әкімінің де күнделікті на-

зарында. Ермеков көшесіндегі жылу магистралі жөнделген соң 4600 Гкал жылу үнемделмек деген меже бар. Жоба 1,5 млрд. теңге сомасы шамасында. Нәтижесінде Бобруйская көшесіндегі үйлер мен жеке секторлардағы жаңа үймереттер орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылмақ. Қысқасы, желтоқсан айына дейін үш жарым шақырымдай құбыр жаңаланбақ.

– Кестеден кешігу жоқ. Қазір жұмыстың жартысына жуығы тәмам. Ендігі үш жылда біз инженерлік желілерге баса мән береміз. Жоба сараптамадан өтуде. Бұл орайда республикалық, облыстық қазынадан бөлінер қаражатқа көп дүние байланысты, – дейді «Теплотранзит Қарағанды» компаниясының техникалық директоры Сергей Викторов.

Қарағанды қаласының Оңтүстік-Шығыс ауданында құрылыс қарқынды. Жаңа салынған үйлерге бұрын салынған ескі жылу тораптары шыда берме алар емес. Бұл жылу тапшылығына әкеп соқтыруда. Ресми билік тарабы көлденең келген түйткілді жаңа жылу желісімен шешпек ниятте. Жоба құны – 46 млрд. теңге. Ал, қуаты сағатына – 526 Гкал. Алдағы уақытта бұл жылу тараушы компанияның қарамағына өтпек.

Жылу жүйесі «жылы көзқарасты» қажет ететіндігін халық та, билік те жете түсінгендей. Бастысы, жылумен қамтамасыз ету жүйесі мінсіз болса, еліміздегі отын-энергетика ресурстарының да ахуалы оңалмақ. Бұдан келіп, жылытылатын ғимараттардағы жылу жайлылық шарттарына, адамдардың хал-жағдайына, еңбек өнімділігіне ықпал етеді. Ауадан кейінгі негізгі қажеттілік осы дер едік. Төнге жылу келсе, өмірге мән кіретіндей... Аты дардай, еңбегі таудай жылу жүйесі жұмыскерлерінің бір күндік өмірі неге екені беймәлім, бірақ біте бір қадірлі болып көрінді тәңірдің көзге.

□ ЕРКАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл аумақтар стратегиялық маңызға ие. Әрі кеңес дәуірінен бері кейбірі жөндеу көрмей тозығы жеткен.

– Ендігіде жылу ысырап болмай, үйдегі тұтынушыға тікелей жеткізіледі. Осылайша жиынтық жылуды үнемдеудің соны технологиясын әсте-әсте енгізу үстіндеміз. Жыл соңына дейін шаһардағы 30 шақырымдай жылу магистралі қайта оңдалмақ. Бұрын құбыр біткен темір қаңлытырмен қапталатын еді, бүгінде фольма-холстпен қапталуда, – деп түсіндіреді «Теплотранзит Қарағанды» ЖШС директоры Андрей Ляпунов.

Фольма кенеп – алюминий фольгасы мен штапельді шыны талшықты біріктіретін заманауи жылу оқшаулағыш материал. Бұл заманауи қаптама өнеркәсіптік мақсаттағы әртүрлі конструкцияларды жылумен жабдықтау кезінде жақсы көрсеткішке ие. Яғни, -200 °С-тан +500 °С-қа дейінгі температураға төтеп бере отырып, тұрғын үй және өндірістік ғимараттардың коммуникацияларының жылуын жоғалтпайтын таптырмас дүние. Бағасы да қолжетімді. Сәл ертеректе темір-терсек өткізушілер қаңлытыр қаптаманы ұрлап, жұртты әбгерге салады. Бұл үрдіс енді тоқтаған сынайы.

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті ұйытқы болған баспасөз турына



Бекітілген инвестициялық бағдарламаның



ғана қалып қойды, – деді Андрей Васильевич.

Салдарынан тұрғындардың дені потерлеріне арнайы су ысытқыш «титан» мен «бойлер» орнатып алған. Сондықтан, ыстық су ағыны алты ай қыста да қалыпты жағдайда көрінеді. Жылу жүйесі – қаланың қан тамыры. Оны меңгерген жан теңдессіз тәжірибеге еге болмақ. Алайда, компания өкілдерінің деректерінше, бұл салаға жас толқын қызығушылық таныта қоймайды. Техникалық бағыттағы бригадала жұмыс жасайтындар саны кейінгі күндерде күрт кеміген. Себебі сап басында жалақының аздығы тұр. Ол «Осы мәселе қай тарапта болсын қараусыз қалмаса екен»



Омыртқа дискісінің жарығы – эволюция «жемісі»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бірақ, бүгінгі таңда оны ақша табу-дың оңай жолына айналдырғандар да кездеседі. Түрлі бейнежазбаны көріп алады, курстарға да қатысуы мүмкін, сосын адам емдейді. Дәрігерлік жолға түсер алдында мануальды терапиямен мен де әуестендім. Бірақ, соңында дәстүрлі медицинаны таңдадым. Сондықтан, оның не екенін білемін, – дейді дәрігер.

Ал, мануальды терапевт, остеопат Ермек Смаилов мұндай терапияны ұрмай, науқас үшін жайлы болатындай жасау керек деп санайды.

– Бұл омыртқа жарығы омыртқааралық дискілердің орнынан тартылуына пайда болады. Ол жүйке талшықтарын қысып қалады. Жүйке талшықтары сол-оң аяққа әсер етуі мүмкін. Оның нәтижесінде дене жартылай жансыз қалуы ықтимал. Емдеудің бірінші тәсілі ауыра бастаған кезде дәрі-дәрмекпен емделу. Ал, ұрмай, ауыртып жүйке жүйесін босату, ол – қолмен жасалатын мануальды терапия. Бірақ, әркімнің әдісі әртүрлі. Мен ұрып жасауға қарсымын, – дейді мануальды терапевт Ермек Смаилов.

Мануальды терапиямен бас ауруы, бас сақинасы, сколиоз, кифоз сияқты ауруларды жазуға болады. Тіпті, көңіл күйдің өзгерістігін де осы әдіспен калыпқа келтіруге болады екен.

– Балалар мен жасөспірімдерде омыртқаның қисаюуы, бүкірлік, аяқ-қолдың бір-бірінен ұзын болуы мануальды терапиямен емделеді. Тізенің ауруы да кетуі мүмкін. Емдеу үшін әуелі анализ тапсырып, КТ, МРТ өтіп, аурудың себебін анықтау керек. Мойын тамырларына УДЗ жасау қажет. Көп жағдайда бастың айналуы, ауыруы тамыр қысылғаннан. Қан жүрмей қалады. Менің міндетім – тамыр жолдарын босату. Келушілердің мүмкіндігі болса, осындай тексеруден өткені абзал. Ол – емдеудің дұрыс бағыты, – дейді ол.

Дегенмен, маманның айтуынша, мануальды терапияның нәтижесі адамның өзіне байланысты.

– Терапиядан кейін реабилитациялық кезеңді дұрыс өткізу, күтінуді маңызды. Кейбіреулер сал жақсарса, жазылдым деп 3-4 сеанстан кейін келмейді. Ақшасын аяйды, не уақыты болмай қалады. Адамдар өмір бойы қаралмай бір қабылдауда жазылып кеткісі келеді. Ол мүмкін емес.

Ермек Маратпекулының айтуынша, мануальды терапияға адам көп келеді. Дегенмен, оның қарсы көрсеткіштері де бар. Мәселен, Бехтерев ауруы, күйік, сынық, инсулыт, қан кету, қатерлі ісік ауруларында, дене қызуының көтерілуі кезінде мануальды терапия жасалмайды. Бұл қатарға маман егде тартқан науқастар мен балаларды да қосты.

Жалпы, мануальды терапияның арзан тұрмайтыны айдан анық. Аймақта мұндай терапияға орташа есеппен 10-20 мың теңге аралығында төлейсің. Астаналық терапевтердің бір қабылдауы кемі 40-50 мың екен. Алайда, жаны қысылған адам не істемейді? Бір жағы «оны қымбат десек, сонда өз өмірімізді қаншаға бағалағанымыз?» деген ой қылаң етті. Егер шынымен де, дертіңе – шипа, бойыңа – қуат берсе, жұмсалған дүниеге ішің ашымайды.

Денсаулық – байлық

– Мойнымның үш омыртқасында жарық (грыжа) бар екен, – дейді қала тұрғыны Аймаң Жүнісова. – Оның екеуі кішірек, біреуі үлкен. Оны кездейсоқ білдім. Негізі, басым айнала берген соң қаралған едім, оның себебі қан тамырларының қысылуынан болып шықты. Ал, тамырды омыртқаны жағалай орналасқан бұлшық еттер қысқан. Екі невропатолог бардым. Бірі «Грыжасы барларға мануальды терапия мүлде болмайды. Сынықшыға баруды ұсынады. Бірақ, ол сізге келмейді» деді. Екінші невропатолог грызадан бөлек, жанындағы бұлшық еттер сіресіп қалғанын айтты. Ол тамырларды басып, миға қан бармай қалады. Басым айналатыны сол екен. Дәрігер бірінші бұлшық еттерді жұмыс істетуге керектігін айтып, укол, массаж берді. Түсінгенім, бұл дерт мүлдем кетпейді. Тек күтінуге керек. Әлі де ине салдырып, укол алуым керек. Сынықшыға бармаймын, қорқамын. Осыған 300 мыңға жуық ақша кетті, – дейді.

– 2019 жылы ауырдым, – дейді Қарқаралы ауданының тұрғыны Самал Әбішова. – Басында жамбасым ауырды, кетанов ішіп жүре бердім. Бір күні таңертең тұрсам, аяғымды басып, қадам жасай алмаймын. Содан жедел жәрдеммен ауруханаға жеткізді. Барлық талдауларды ружана, «жүйке талшығы қысылған, ауруханаға жату керек» деді. Үш күннен кейін омыртқам қақсай бастады. Омыртқаны рентгенге түсіріп, Қарағандыға жіберді. Ол жақтан «5, 7 омыртқасында грыжа, ештеңе істей алмаймыз. Екеуінің арасы



Бөлімшеде жылына 1100-1200 ота жасалады. Оның 60 пайызы омыртқа ауруларына қатысты. Тікелей омыртқа жарығына – 400-450 операция. Дәрігер операция жасатады ма, мануальды терапевтерге бара ма науқастың өзі шешуі керектігін айтты.

жақын, операция сәтті болатынына кепіл жоқ. Жасасын дейтін болса, қолхат жазсын» деген жауап келді. Жасатайын десем, қорқамын, жасатпасам, ауырады. Солайша қоларбаға таңылдым. Бір айдай ем алып, жамбасымның ауырғаны басылды. Бірақ, оң жақ тізем бүгіліп кете беретін болды. Орнымнан тұрса, тіземді ұстай алмай құлап қаламын. Дәрігерлер қауіпті болса да, операция жасау керектігін айтты. Жолдасым келіспеді.

Сынықшыға бардым. Жылқының майын байлап берді, солай 25 күн жүрдім. Сосын омыртқамды сипалап отырып салды, «шырт» еткен дауысты естідім, бірақ, жаным шығып кете жаздады ауырғанда. Ал, тіземе укол алдым, құйрық май тарттым. Біртіндеп тізем де жазылып кетті. Қазір де анда-санда ауырып қояды. Қорқамын.

Операция – қорғаныстың соңғы шебі

Кез келген ауру уақытылы емделуі керек. Одан кейін ғана хирургиялық көмек қолданылады. Жанына батпаса, кім операция жасатқысы келеді дейсіз? Оның артында қорқыныш тұр.

– Көпшіліктің операциядан бас тартатыны қорқыныштан, – дейді бұл туралы нейрохирург Нұрлан Жұмаділов. – «Ауырғаны басыла ма? Жағдайым қиындап кетпей ме? Сал болып қалмаймын ба?» деген қорқыныш болады. Алайда, қорқып жүре берсе, уақыт өтіп кетіп, операция да көмектесе алмай қалуы мүмкін. «Ота көмектеспеді» деп айтатындар ауруын асқындырып келгендер. Жалпы, кез келген операция, оның ішінде, омыртқа жарығына жасалатыны да адам ағзасында жағдай жасауға бағытталады. Әрі қарай адам ағзасы өзі бейімделіп, жазылуға тырысуы керек. Біз тек мүмкіндік береміз.

Жалпы, адамдар операциядан не күтеді? Келді, жасатты, бәрі жақсы болып кетеді деп ойлайды. Бұл – олай емес. Адам – көлік, дәрігер – автослесарь емес. Ерте кезден бастап шынығу, денсаулығын күту деген сияқты. Қазір бүкіл әлемде адамның өз жауапкершілігі туралы насихатталады. Дәрігер біреудің денсаулығына жауапты емес.

Дәрігердің айтуынша, мұндай дертке жасалатын ота түрі көп. Аурсынуды басуға ғана бағытталған, тайып кетуге байланысты эндоскопиялық операциялар, бел остеохондрозы кезінде радиожилікті абляция, эндоскопиялық дисэктомия, дискілер жарығына қатысты шағын хирургиялық операциялар, дискі жарығын алып тастап, тұрақтандырушы жүйе орнату арқылы жасалатын оталар бар.

Операция – бұған дейінгі ем көмектеспегенде қолданатын шара. Емге көнбесе, операцияны нейрохирург шешеді. Бұл ретте ем де кешенді болуы тиіс.

– Жүйке жүйесінің өткізгіштігін жақсартатын, ісікті басытын, импульсты жүйкеден бұлшық етке жеткізуді жақсартатын, шеміршекті, сүйек тіңдерін қоректендіретін препараттар. Қан тамырларын да емдеуді ұмытпау керек. Яғни, барлық ауруға бір дәрі болмайды, – дейді Нұрлан

Едігеұлы.

Оның айтуынша, нейрохирургия бөлімшесінде жасалатын операциялар саны жыл сайын өсіп келеді.

– Мұны бір жағынан операциялық көмек ауқымын арттыруға талпыныс десек, екінші жағынан бұл – ауруды анықтау мүмкіндігінің артуы деуге болады. Бөлімшеде жылына 1100-1200 ота жасалады. Оның 60 пайызы омыртқа ауруларына қатысты. Тікелей омыртқа жарығына – 400-450 операция.



Дәрігер операция жасатады ма, мануальды терапевтерге бара ма науқастың өзі шешуі керектігін айтты.

– Мен, дәстүрлі медицина өкілі, операция алдында науқаспен сөйлесемін. Күтілетін нәтижені айтамын. Күтпеген жағдайда не істеуге болатынын да түсіндіремін. Дәстүрлі емес медицина маманы да сөйтуі керек деп ойлаймын. Науқасқа күткен нәтижесі болмағанда не істеу керектігін айтуы қажет. Айтып бере алмаған адамға өз басым бармас едім. Жалпы, мануальды терапевтерге баруға кеңес бермеймін. Бірақ, омыртқа жарығы жоқ болса, ине салу, кинезитерапияны ұсынамын, – деді маман.

Кинезитерапия деген не?

Кинезитерапияның түп төркіні гректің «қозғалыс» және «емдеу» сөздерінен шығады. Кинезитерапия – реабилитацияның негіздерінің бірі. Ол қозғалыс арқылы адам ағзасындағы жүрек-қан тамырлар, тыныс алу, басқа да жүйелерді, сүйектер мен бұлшық еттің жағдайын жақсартуға және оны сақтауға мүмкіндік береді. Бұл бағыт ем-дом процедураларында, емдік дене шынықтыру ретінде бұрыннан бар.

Дегенмен, кейінгі кездері ғана кинезитерапия танымал бола бастады.

Қарағанды қаласындағы дәрігер Бубновскийдің орталығы қозғалыс арқылы денсаулықты күтуге үндейді. Орталықтың кинезитерапевті Айсұлу Оспанованың

• ИМАНДЫЛЫҚ

Батыр ауылында жаңа мешіт

Шет ауданы Жарылғап батыр ауылы тұрғындары зор құанышқа кенелді. Ауылда жаңа мешіт халық игілігіне берілді. Мешіттің ашылуы әдеттегідей Құран оқумен басталды. «Әнет баба» мешітінің наиб имамы Құмар Қоныскерей Құран бағыштап, облыстың бас имамының Алғыс хатын табыс етті.

Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Жиналған жамағатқа имандылық, жастар тәрбиесі, мешіттің халықтың береке-бірлігін арттыруда атқарар рөлі жайлы кең көлемде уағыз айтты. Сонымен қатар, Шет ауданының имамы Берік Махамбетқин Құран кітабын тапсырып, ауыл ақсақалы Қуаныш Шонаұлы бастаған ел азаматтары мешіттің ашылу рәсімін жасады.

Жазушы, этнограф, «Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қорының президенті Төрехан Майбас мешіт кітапханасына 100 кітап сыйға тартты. Ақтоғай ауданының «Құрметті азаматы» Тұңғышбай Мұқан да кітапханасынан біраз кітапты тарту ретінде жіберген екен. Арнайы кітапхана ашылғанын естіген жұрт, қолына түскен әдеби, діни кітаптарын тапсырып жатты. Сонымен қатар, ас беріліп, тай, құнан, ат бәйгесі, палуандар күресі ұйымдастырылып, қомақты жүлдер ұтысқа қойылды.

Палуандар арасында 70 келі салмақта Әбілқайыр Мәулен, 80 келі салмақта Марлен Жанғалы жеміпаз болып, «Көкбөрі Керней баба» қорының 150 мың теңге жүлдесін еншіледі. Ал, «Түйе палуан» Ермұхан Естайға мотоцикл бұйырды.

Құнан жарысында Абай Шонановтың жүйрігі, тай бойгесінде Бауыржан Макишевтің қыл құйрығы, аламанда Қазанғал Айназдың тұлпары қара үзді.

Ас барысында әсем де көрікті мешіттің бой көтеруіне мол үлес қосып, негізгі жұмыстарын атқарған азаматтарға алғыс айтылып, иықтарына шапан жабылды.

Шет ауданы

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Абаттандыру жалғасын табады

Абай қаласында абаттандыру жұмыстары жалғасып жатыр. Қазіргі таңда 13 ауланың жолы асфальтталды. Ал, оның үшеуінде заманауи балалар ойын кешендері орнатылды. Тағы екі аулаға воркаут алаңдарын орнату қарастырылған. Оның құрылысы келесі жылға жоспарланған. Көктемде басталған абаттандыру жұмыстары аяқталуда жақын.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қаламыздың 26-шы орамында және Абай көшесінде, 50, 52, Ермеков, 27 және Шерубай батыр, 40, 44 үйлерінің аулаларында жол жөнделді. Ескі футбол алаңдарына көгалдар, тротуарлар төселді. Сонымен қатар, балалар ойын кешендері де бой көтеруде. Баскетбол алаңы мен воркаут алаңдары да жоспарда, – деді Абай қаласының әкімі Нұржан Тасмағамбетов.

Сондай-ақ, Абай қаласы мен Қызыл және Вольный кенттерінде де 7 шақырымдық автожол төселді. Қаланың алты көшесінде 2 шақырым жана жаяу жүргіншілерге арналған тротуар орнатылды.

Бүгінгі таңда қала бойынша жөнделген жол – 65 шақырымның 40 шақырмы. Алдағы жылдары жеке сектордың жолдары да орташа жөндеумен қамтылатын болады.

«Қарағанды-Балқаш» күре жолы сапа сын көтере ме?

Қарағанды мен Балқаштың екі арасында жүрген жолаушылардың әңгімесі – жолға қатысты. Құрылыс жұмыстары басталғалы бері екі қала арасында қатынайтын такси бағасы күрт қымбаттаған. Одан қалаберді, айналма жол мен күрелген асфальттың салдарынан жол ұзарғаны тағы бар.

Содан бері төрт жылға жуық уақыт өтті. Қазіргі таңда жөндеу жұмыстарының шамамен 80%-ы тәмам. Бұрынғыдай емес, осы күні бұқараның әңгімесі өзгерді. «Қанша өтсек те, жол бойында жұмыс істеп жатқан бригадалар көрінбейді» дейді. Ал, жоспар бойынша жол жыл соңында толық пайдалануға берілуі керек. Жөндеу жұмыстарын көзбен көріп қайту үшін жоба жетекшісі Абзал Сағынтаевпен Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлы ауылына дейін барып қайттық. Шет ауданының орталығына дейін 121 шақырым еді. Қазір жаңа жоба бойынша жол 118 шақырымға қысқарды. Біз мүмкіндігімізше жұмыс барысында жүрген азаматтармен пікір алмаасын көрдік.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Күре жол Құрма мен Жұмабек ауылының үстінен өтпейді

Екі қаланың арасы сегіз учаскеге бөлінген. Оның үшеуі Ақсу-Аюлы ауылына дейін. Жалпы жобаның бас мердігері – қытайлық CITIC Construction Co., LTD компаниясы. Ал, осы бір үш учаскеге Sine Midas Stroy компаниясы жауапты. Сонымен қатар, Ақсу-Аюлыдан Ақшатауға дейін тағы 40 шақырым жол осы компанияға тиесілі. Сапар барысында Шет ауданының орталығына дейінгі аралықта атқарылып жатқан жұмыстарға куә болдық.

Қарағандыдан шығарыстағы МАИ бекетінің әр жағындағы шағын көпірді жолаушылар жақсы біледі. Сонау жылдары құрылыс жұмыстарын «Осы көпірден бастайды» деп күткеніміз рас. Жөндеу жұмыстары биыл толық біткенімен, бұл көпір әлі сол қалпында тұр.

Аталған компанияға тиесілі бірінші учаске осы көпірден кейін басталады. Яғни, 6:20 пикет – қалалық учаске ретінде саналады. Ал, Соқыр өзеніне дейінгі ұзындығы екі шақырым болатын Оңтүстік айналма жолы бұларға қарамайды. Бұл көпірді осыдан бірнеше жыл бұрын басқа компания салған. Осы айналма жолдан кейін бірінші учаске жалғасады. Әр пикеттің арасы – 100 шақырым.

«Сауағарға» әуежайына айналма жол ақылы қатынап жүрміз. Жаңа жобадан бұл көпір сүріліп тасталады. Көпірдің орнына төрт жолақты жол төселіп, бағдаршамдар қойылады. Бұл – ертеңгі күннің еншісіндегі жұмыстар. Әзірге жобаның сметалық құжаттары әзірленуде.

– Бірінші учаске бойынша жөндеу жұмыстары 80%-ға орындалған. Ірі түйірікті асфальт жабыны толық аяқталды. Тек, беткі жабынына қиыршық тасты мастикалық асфальт төсеу ғана қалып тұр. Бұдан соң жолды қолданысқа беріп, абаттандыру жұмыстарын жүргізетін боламыз. Яғни, жол белгілері, қар ұстайтын арнайы қалқандар мен мал қоршаулары орнатылады. Жолды ашсақ, әрі қарай абаттандыру жұмыстары жүре береді, – деді жоба жетекшісі Абзал Сағынтаев.

Бұдан былай жол Құрма мен Жұмабек ауылын басып өтпейді. Осы бір аралықты қартадан қарайтын болсаңыз, айналма жол екендігін бірден байқайсыз. Бұдан былай, жаңа жол Құрмаға жетпей, сырт айналып, Спасск бұрылысынан төтесінен түседі. Осылайша жол қысқарған. Одан бөлек, ел ішінде «Топарки» аталған қыстақ үстімен өтетін айналма жол да тікесінен түсетін болды.

– Жоба бойынша жаңа жол ешқандай елді мекендерге соқпауы тиіс. Әрі барынша түзу болуы шарт. Ал, Құрма мен Жұмабек ауылының жолы алдын ала жоспарланған. Бұл жолдың да бетіне қиыршық тасты мастикалық асфальт төселмеді демеуіңіз, жөндеу жұмыстары толық аяқталып тұр. Жолды толық қолданысқа бермейінше, ашпаймыз. Ескі жол ауылға апаратын жол ретінде қала береді. Бұған дейінгі айналма жолдар біршама шақырымға қысқарды, – деді Абзал Есенбайұлы.

Айналма жолдар күреледі

Спасскке дейін бірінші учаскені шекарасы аяқталады. Яғни, екінші учаске басталады. Спассккінің бұрылысынан кей-

ін үлкен дөң бар. Компания сол дөңді жарып, ортасына төрт жолақты күре жол төседі. «Автомобиль жолдары туралы» Заңға сәйкес жол барынша тақтайдай түзу болуы тиіс. «Бұл – жолаушылардың қауіпсіздігіне керек» дейді мамандар.

Бұл учаскедегі Көкөзек көпірінің үстіне «Техноэласт» жабыстырмалы гидроокшаулағышын төсеуде. Бұл – асфальт алдында төселетін материал. Қара қағазды отқа қыздырып, алдын ала тазартылған көпірдің үсті-

кештің батысы америкалық Cat «D6R2» маркалы бульдозерінде. Өзі Қарағандының тумасы екен. Отбасы қалада тұрғанымен, жұмысына байланысты үйіне көп бара алмайды. Мұндағы әр адамның жұмысы бір-біріне тығыз байланысты. Егер, біреуі жұмыста болмаса, орнына істейтін адам табылмаса, жұмыс тоқтат қалады. Әсіресе, Зейнолла Бейсенұлы секілді алып көлікті жүргізетін маман табыла бермейді.

– Жол бойында жүргеніме бес жыл. Әуелі жөндеу жұ-



Ауыл шаруашылығы техникасы өтетін арнайы көпірдің құрылысы

не жабыстырады. Бұның үстінен биіктігі жеті сантиметр кеуекті асфальт төселіп, қиыршық тасты мастикалық асфальт жүргізіледі.

– Бұл – төрт жолақты жаңа көпір. Ескісі екі жолақты еді. Оны

мыстары Теміртау қаласынан басталған. Сол уақыттан бері осы бульдозерден түспедім. Қазір біз ауыл шаруашылығы техникасы өтетін арнайы көпір салып жатырмыз. Әркім өзіне

Шетке дейін екі ірі дөңді жарып, ортасынан жол салған. Біріншісі, бірінші учаскедегі Спассккінің маңайындағы дөң болса, екіншісі Ақсу-Аюлы ауылына таяу тұста. Ауылдан шамамен 10 шақырым



Нұраталды өзенін арнасынан бұрып, көпірдің екінші бөлігін тұрғызу үшін жерге қада қағылып жатқан сәт

бұзып, жаңадан салдық. Қаладан шыққандағы бізге тиесілі екінші көпір. Бұған дейінгі Соқыр өзені көпірінің құрылысы толық біткен, – дейді Абзал Есенбайұлы.

Жалпы, екінші учаскедегі жөндеу жұмыстары 75%-ға аяқталған.

Алып бульдозер – жұмыс күші

Шет ауданына дейін төрт көпір және ауыл шаруашылығы техникасы өтетін 14 арнайы көпір бар. Соқыр, Көкөзек, Қызылқой өзенінен өтетін көпірдің құрылысы толығымен аяқталған. Ал, Нұраталды өзеніндегі көпір 50 пайыз дайын.

Ауыл шаруашылығы үшін салынған көпірдің жетеуі бірінші учаскеде, қалғаны екіншісінде. Бүгінде 12 арнайы көпірде жұмыс мәреге жеткен. Тек, әр учаскеде аяқталмаған бір көпірден қалды.

Зейнолла Түсіпбеков екінші учаскедегі жол өтпесін салу жұмыстарында жүр. Таннның атысы,

тиесілі жұмысты біледі. Мәселен, өз басым, манайымның бәрін нөлдік градуста теңестіріп кеткім кәжет. Қар суы тұрып қалмайтындай жаю – менің міндетім. Осы жұмысымды аяқтасам, келесі объектіге барып, өзіме тиесілі жұмысты атқарып кетемін.

Алып бульдозерді тізгіндеу оңай емес. Әрі рабайсыз. Мұндайда ептілік қажет. Батпаққа тұрып қалмай, кірген жеріңнен кері айналып шығу сіз ойлағандай оңай емес. Америкалық бульдозер қытайдықкіне қарағанда анағұрлым жеңілрек. Бірнеше батырмамен ғана басқарсың, – дейді Зейнолла Бейсенұлы. Дегенмен, әр жұмыстың өзіндік қиындықтары да бар.

Ауыл шаруашылығы техникасына арналған жол өтпесінің биіктігі – 6 метр, ені – 22 метр, ұзындығы – 32 метр. Жоба жетекшісі жөндеу жұмыстары толық айдың соңына дейін аяқталады деп отыр.


жарып өттік. Ең қиыны осы жер болды. Таудың тасы қатты. Әрі оңай ырқыңа көне қоймайды. Әуелі жару жұмыстарын жүргізіп, артынан бұрғыладық. Жұмыстардың бәріне бір маусым кетті, – дейді Абзал Есенбайұлы.

Биіктігі 15 метр дөң қак жарылды

Уақытты көп алатын жұмыстардың бірі – жару жұмыстары.

Нұраталды көпірі – үлкен көпірдің бірі

Нұраталды өзенін арнасынан бұрып, көпірдің екінші бөлі-



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР



Биіктігі 15 метр болатын дөңді қак жарып, күре жол салынған сәт

гін тұрғызу үшін жерге қада қағылған. Бір бағыты былтыр қолданысқа берілген. Қада қағылған соң қаққалары салынып, үстінен бетон құйылады. Бетон қатқаннан кейін оны тегістеп, іргетасы құйылады. Әрі қарай басқа құрылымдары кезекпен іске асады.

– Маған бірінші және екінші учаске тиесілі. Менің міндетім – бетонның сапасына, қаданың қағылған тереңдігіне, құрылыс материалдарының сапасын қадағалау. Жұмыстар тек нормативтік құжаттарға ғана емес, барлық талапқа сәйкес келуі шарт. Сонымен қатар, тек көпірдің сапасын ғана емес, жолдың, асфальттың орталығына да қадағалаймын. Жоба бойынша қағылатын қада 14 метр тереңдікте болуы керек. Бірақ, астында іргетасы болғандықтан тағы екі метр төмен түсіреміз. Бұл – дәл ортасындағы қаданың тереңдігі. Ал, бері қарайғы қадалар тоғыз, жеті метр тереңдікте, – деді инженер-зертханашы Өркен Тынов.

Нұраталды көпірі – осы аймақтағы ірі көпірлердің бірі. Көктемде өзен арнасынан тасыған уақыттағы су мөлшеріне қарай арнайы әзірленген. Демек, көпірді су баспақ емес. Әрі көпір су қысымына барынша төзімді етіп жасалған. Сонымен қатар, тонна басатын көліктер де көпірге ауырлық етпейтін көрінеді.

Бүгінде аудан орталығына дейінгі жолдың кейбір бөліктеріне су шайып кету қаупі бар жерлерге арнайы төселетін материал. Жаңа асфальтты дала суы, қар суынан сақтау үшін арнайы жол жиегіне төселеді. Одан әрмен көтерілген топырақты су шайып кетпеуі үшін қайта нығыздау жұмыстары жүргізілуде.

Бұған дейін жөндеу жұмыстарына қажет тасты қарьерден алып келген. Жөндеу жұмыстары басталмас бұрын аудан орталығы-

басым бөлігі Шет ауданына таяу болғандықтан, екінші учаскедегі екі қарьерді іске жаратып отыр.

Жұмысшыларға арналған база бар

Жұмыскерлер үшін арнайы 2 база салынған. Екеуінің де сыйымдылығы – 100 адам. Басты база – Үштөбе ауылының бойындағы Шығыс айналма жолының үстінде. Екіншісі Ақсу-Аюлы ауылының іргесінде орналасқан. Бүгінде барлық қызметкерлер екі базаға теңдей бөлінген. Тасымалдайтын көліктері де бекітілген. Әр база асхана және арнайы отыратын кенсемен жабдықталған.

Аудан орталығында асфальтбетон, қоспа араластыратын, ұсақтау және іріктеу зауыттары орналасқан.

Жолдың бетіне төселетін үшінші жабын осы асфальтбетон зауытында дайындалады. Бұл зауыт сағатына 140-160 тонна өнім өндіреді. 21 см болып төселетін жолдың екінші қабаты қоспа араластыратын зауытта үгітіледі. Цемент пен құл, шлакты осы аппаратқа салады. Бұл аппарат сағатына 50 тонна қоспа дайындап шығарады.

Ал, ұсақтау және іріктеу зауыты қалдық заттар мен қарьерден шыққан тастарды үгітеді. Ол жолдың топырақтан кейінгі бетіне төселеді. Зауыттың қуаты – сағатына 200 тонна өнім.

– Жол сапалы болса, жолаушы азап тартпайды. Бірақ, кейбір мекемелер технологияны сақтамайды. Мәселен, жаңа салынған асфальт уақыт өткеннен кейін шашылып қалып жатқанын көреміз. Себебі, технологиясы дұрыс емес. Мысалы, асфальтты нығыздайтын көлік шарт бойынша сол жерден сегіз мәрте өтуі шарт. Ол болса, төрт мәрте ғана жүріп өтеді. Салдарынан асфальт дұрыс тығыздалмай, көлік ағымына шыдас бермейді. Сондықтан,



Америкалық Cat «D6R2» маркалы бульдозері

жердегі үлкен бұрылыс күреледі. Оның орнына жаңа жол дайын. Бұған дейін үлкен дөңді айналып өтетін жол стандартқа сәйкес болмағандықтан, биіктігі 15 метрлік болатын дөңді қак жарып өткен.

– Бір емес, бірнеше дөңді қак

на дейін сегіз қарьер ашылған. Жоба бойынша оның тек жетеуі қолданылыпты. Жұмыстардың басым бөлігі аяқталғаннан кейін үш қарьердің беті жабылған. Қалғаны болатын дөңді қак жарып өткенде күреледі. Қалған жұмыстардың

технологияны қадағалап жүретін маман осыны ескеруі керек. Біз осы дүниенің бәрін назарда ұстадық, – деді Абзал Сағынтаев.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



«Балқаш Tourfest – 2023»: туризмге темірқазық

Балқаш қаласындағы Ақшағыл кентінде (Рембаза) Көкше теңіздің жағалауындағы «Балқаш Tourfest – 2023» фестивалі елдің есінде ұзақ уақыт сақталуы тиіс. Екі күнге жалғасқан жағажайдағы жайдарлы сәттер туризмнің тынысын аша түсуге ықпал етсе керек. Мұндай фестивальдің алғаш рет өткенін атаған жөн. Балқаш – еліміздегі ең танымал 10 демалыс орнының қатарында. Бұл – эпидемиологиялық үзілістен кейін туристік маусым уақытында ұйымдастырылған тұңғыш ауқымды шара.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жастардың жігерін жаныған

Қарағанды облысы әкімдігі ұйытқы болған фестиваль белсенді және саламатты өмір салтын насихаттауды ғана емес, қоршаған ортаны қорғау және жергілікті туризмді дамытуды мақсат тұтыпты.

Алдымен «Балқаш Tourfest – 2023» фестивалінің туы салтанатты түрде көтерілді. Ту көтеруге «Жасыл ел» жасақтары шақырылды. Бұдан кейін Балқаш, Приозерск қаласының, Ақтоғай және Шет аудандарының жастарынан құралған жасылелдіктер өздерін таныстырып, өнерлерін ортаға салды. Туризмді дамыту және насихаттау, сондай-ақ қоршаған табиғатты зерттеуге бағытталған шара маңызын Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ізбасар Шәкенов атап өтті.

– «Балқаш Tourfest – 2023» фестивалінің мақсаты – туристерді тарту, жастардың шығармашылығына жағдай жасау. Сонымен қатар, белсенді азаматтық ұстанымын, әлеуметтік жауапкершілігін, патриоттық сезімін, жоғары адамгершілік және қосбасшылық қасиеттерін қалыптастыру. Біз бұл акция жыл сайын жүзеге асса деген өтініш білдіріп отырмыз. Бүгінгі шараға атсалысқан барлық қатысушыларға белсенділігі үшін алғыс айтып келеді. Фестивальдің қатысушыларға сыйлаған энергиясын сөзбен жеткізу мүмкін емес, – дейді Ізбасар Өміржанұлы.

Кәсіпкер де қалыс қалмады

Фестиваль аясында кәсіпкерлерге жан-жақты қолдау көрініс тапты. Мұнда жергілікті кәсіпкерлерге арнайы орындар әзірленген. Кәсіп иелері өз өнімдерін сұйық асқанада дайындалған тағамдар көпшілікке ұсынылды. Бағалары да қолжетімді.

Ұлттық сусындардан бөлек, «Тоқырау» ауыз су өнімдерін өндіретін кәсіпорын жұмысын жандандырған, білікті басшы Зура Мерғазықызы айтулы шараға сол күні 3 тонна сусын әкеліпті. Бұдан бөлек жергілікті кәсіпкердің 3 тонна сусынын сатып алып, жүз жылдық мерейтойын Halyk Bank Қазақстан халқымен



бірге атап өту дәстүрін жалғастырған «100 игі іс» акциясы аясында Балқаш қаласындағы «Халық Банк» қызметкерлері Halyk Bank QR-коды арқылы төлем қызметін жасағандарға I тенгеге сусын сатты. Мүмкіндіктері шектеулі жандардың отырғандары әзірленіп, мүгедектігі бар жандарға инватакци қызмет көрсетті.

Дүбірлі дода мен көңілді старт

Мультфильм кейіпкерлері мен жеке ойын-сауық бағдарламасы жағажайдағы бала атаулының көңілін көтерді. Ал жастар жағы «Жастар таза Балқаш үшін» акциясына жұмылды. «Жасыл ел» жастар

еңбек жасағының жауынгерлері экологиялық акциядан, спартакиадалардан және тағы да басқа сайыстардан қалыс қалмады. Жағажай волейболы, армреслинг, арқан тарту және «Көңілді старттар» бойынша жағажай драйв турнирлері ұйымдастырылса, жаппай жүзу де жұрттың көңілінен шығып жатты.

Көл үстінде 500 метр қашықтықты бағындыруға шыққан жүзушілердің ең үлкені – 58 жаста, ал, кішісі 13 жаста еді. Белгіленген уақытта мөреге жетіп, шеберліктерін танытқандардың арасында 500 метр қашықтықты бағындыру оңай болған жоқ. Жарыс мәресіне бірінші болып жеткен Батырхан Болатбеков сайысқа дайындықпен келгендігін жеткізді. Бүгінде Алматы қаласында әскери академияда оқытын Батырхан жарысқа қатысу үшін бір ай көлемінде жаттығу жасаған. Шашубай кентінде және «Ақ теңіз» бассейнінде шыныққан көрінеді. Сонымен қатар, жүзу жарысында Олег Никитин екінші орынға, Жанәли Жұмағазыұлы үшінші орынға тұрақтады. Әйелдер мен ерлер командалары арасында жағажай волейболынан өткен дода тартысты өрбіді. Әйелдер арасында «Қарағанды» командасы I орынды, «№1 мектеп» командасы II орынды, «Метеор» командасы III орынды еншіледі.



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Ерлердің арасында I орынды «Эверест» командасы, II орынды «Феникс» командасы, III орынды «Бірлік» командасы иеленді. Кір тасын көтеру сайысында 65 келі салмақта 16 келілік қос кір тасын 38 рет көтерген Ерасыл Алиев, 75 келіде 101 рет көтерген Қобыланды Жақыпов чемпион атанды. Сондай-ақ, қос 24 келіні 40 рет көтерген Дмитрий Ким I орын тұғырына көтерілді. Қол күресте 65 келіде Ернат Қайсарұлы, 75 келіде Нұрлан Әділов, 85 келіде Ислам Майқы, 95 келіде Евгений Моськин жеңімпаз атанды.

Сонымен қатар, жасылелдіктер арасында өткен жағалау волейболында Ақтоғай ауданының «Бектауата» командасы I орынды, Балқаштың «Тоқырауын» командасы II орынды, Шет ауданының «Беғазы» командасы III орынды иемденді. Арқан тартыстан балқаштық «Тоқырауын» командасы I орынды, ақтоғайлық «Бектауата» командасы II орынды және «Ошағанды» командасы III орынды қанжығалады. Секіртпемен секіру бойынша Ақтоғай ауданы «Бектауата» командасының мүшесі Ақмарал Аманоллақызы I орынды, приозерскілік «Қоржынтүбек» командасының өкілі Әсия Орак II орынды, Шашубай кентінің «Желтау» командасының мүшесі Аида Даниярқызы III орынды еншіледі. Қол күрестен I орынға «Беғазы» командасы, II орынға «Ақсоран» командасы, III орынға «Қоржынтүбек» командасы тұрақтады.

Жағажайдағы жарқын сәттер

Көкше теңіздің жағасындағы жарқын сәттерден алған жастардың әсері мол.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев туризмді түлетуге тапсырма берді. Осы бағытта Балқаштағы жылы жаңа кадамдарға бастайды деп ойлаймын. Біз Приозерск қаласынан келіп тұрмыз. «Қоржынтүбек» және «Тораңғалық» атты екі команда болып қаламыздың намысын қорғап жатырмыз. Алған әсерім ерекше. Айта кету керек, қазір «Жасыл ел» жағажай тек жұмыс жасап қана қоймай, түрлі іс-шараларға да атсалысуда. Мәселен, жуырда еңбек жасағының сарбаздарына нашарлықтың алдын алу үшін синтетикалық есірткінің зияны мен шомылу маусымындағы қауіпсіздік ережелерін түсіндірді, – дейді Приозерск қаласы «Жасыл ел» жағажайының мүшесі Айдос Қанатбайұлы.

«Балқаш Tourfest – 2023» фестивалі әсем әндерімен, ерекше ойын-сауық бағдарламаларымен көпшілік көңілін көтерді. Көбікті кеш және DJ Timson, DJ Nikita Filatov, «Всему свое время» рок тобы, «Клиент» Рок тобы, Дана Букетова, Қазақстан эстрадасының мега танымал орындаушысы Kalifaniya, рэп орындаушылар – Дәулет Дүйсембаев, Ержігіт Иманмұса, Азат Алтынбеков және Антон Павлов салған ән тыңдарманды тамсанды. Заманауи би ансамбльдері – «GRAND», «REALIZE» көше би клубы, «TIMUR'S TEAM» көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. «Energy» жаттығу нұсқаушылары, йога жаттығуларының қыр-сырына қанықтырған Әсел Мәмедова жиналғандарға спорт адамның рухани әлемінің бір бөлігі екендігін ұғындырды.

Тобықтай түйін

Мамандардың мәлімдеуінше, бәтуалы басқосулар мен келелі кеңестер өткен шежірелі шаһар енді Қазақстанның туризмін жаңа деңгейге көтермек. Өйткені, облыстың алдағы жылдардағы негізгі даму бағыты осы саламен үндесіп жатыр. Бұл ретте, өңір басшылығы туризм саласында ірі жобаларды қолға алмақ ниетте. Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаевтың айтуынша, «Балқаш Tour Fest» туризмнің дамуына және аймақтың сұлулығына назар аударуға ықпал етіп қана қоймайды. Сонымен қатар, көл экологиясын қорғаудың маңызды тетігі және жастарды табиғатты қорғауға белсенді қатысуға шақырады. Фестивальді жыл сайын өткізу дәстүрге айналмақшы.



• КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Голландия қарбызы Арқаны жерсінді

Қарбыз – Арқа үшін экзотикалық жеміс. Олай дейтіміз, базар сөрелеріне қарбыз еліміздің оңтүстік өңірлерінен жеткізіледі. Ол жақта бір жазда, тіпті, екі рет өнім алуға болады. Себебі, климаты ыңғайлы. Соның өзінде бәрі климатқа ғана байланысты емес. Күтімге де тәуелді. Бұл сізге қартон түптеп, арамшош жүлу емес. Ал, біздегі күн райын білесіз. Бірде жаңбыр, бірде жел. Оңтүстіктегідей ыстық жоқ. Бірақ, қазақ «қалауын тапса, қар жанар» деген. Бұқар жырау ауданында анау-мынау емес, голландиялық қарбыз өсіріп отырған бағбан бар.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Василий Ли есімді Бұқар жырау ауданының тұрғыны қарбызды үш жыл бұрын эксперимент ретінде отырғызыпты. Өйткені, тәжірибелі бағбан қарбыз өсірудің көкөністерді базарға шығарып, саудалайды. «Табысым жақсы» дейді. Өзін ғана емес, туыстарын да

тыр. Жер аумағы жарты гектарға жуықтайды.

Василий Ли бұрын геолог болған екен. Бағбандықтан мол табыс түсетініне көзі жетіп, жер алған. Меншігіндегі жеріне қызанақ, картоп, қияр, бұрыш және баклажан, қырыққабат еккен. Жыл сайын көкөністерді базарға шығарып, саудалайды. «Табысым жақсы» дейді. Өзін ғана емес, туыстарын да



жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

– Қарбызды негізгі эксперимент жүзінде отырғызғанмын. Қалай болатынын көрейік деп алғаш рет үш жыл бұрын сынап көрдік. Әуелі екі қатарға ектік. Эксперимент сәтті болды, бірақ бізде климат қолайсыз. Өткен жылы қарбыз алқабын аздап ұлғайттық. Биыл да ауқымды учаскеге қарбыз отырғызылды. Биылғы жаз қиын болды. Аптап ыстық және температураның күрт өзгеруі әсер етті. Өсімдіктер үшін бұл – стресс, – деді фермер.

Алқаптағы көкөністер тамшымен суарылады. Яғни, көл-көсір су бар екен деп, тіршілік нәрін аспанға шашпайды. Бұл тәсіл – суды және қуатты үнемдейді.

Фермердің сөзінше, адам талпынса, кез келген шаруаны игеріп кетеді. Өз өнімдерінің бір бөлігін базарға шығарады. Қалғанын тапсырыспен сағанды. Өздері келіп алып кететін тұрақты сатып алушылары да бар.

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Мұратбай НАРЫМБЕТОВ:

Құрылыста ауытқуға жол жоқ

Құрылысшы – адамзат өркениетінің бастауында тұрған мәртебелі мамандық. Бұл сөзге әлемнің қай түпкіріне барсаңыз да, сәулеті мен сән-салтанаты жарасқан ғимараттардың бой көтеріп, адамзат игілігіне айналып жатқаны және сан ғасыр өтсе де, өз құндылығын жоғалтпаған туындылар толықтай дәлел болады. Осындай жауапкершілігі зор мамандықты менгерген Мұратбай Нарымбетовтің Приозерск қаласының дамуына қосқан үлесі өлшеусіз. Сәті бір түскенде Мұратбай Енсейтбайұлымен сұхбаттасқан едік.

– Мұратбай аға, әңгіменің кілті ретінде алдымен қай жерде дүние есігін аштыңыз, қайда оқып білім алдыңыз деген сұрақтан бастауым заңдылық шығар. Адамның жүріп өткен жолы мен сүрген өмірі – тарих. Ең алдымен, өзіңіздің өмір жолыңызға, еңбек жолыңызға тоқталып өтсеңіз?

– Менің кіндік қаным тамған жер – Қарақалпақстанның Тактакөпір ауданы, Мүлік ауылы. Сол кентте қазақ орта мектебінде оқыдым. Әскер қатарына шақырылғанша сол жерде еңбек еттім. Мектеп қабырғасында салған суретім талайдың таңдайын қақтыратын. Кішкентай бала кезімнен құрылыс саласына деген ерекше ықыласым болды. Әскери борышымды өтеп келген соң Көкшетаудағы «Қурорт Строй» мекемесінде жұмыс істедім. 1995 жылы Приозерск қаласына қоныс аударып, алғашқыда жиһаз өндірісімен айналыстым, жиһаз жасадым. 2005 жылдан бастап, құрылыс саласына біржола бет бұрдым.

– Кейінгі жылдарда салынған нысандарда сіздің қолтаңбаңыз бар шығар. Атқарған жұмысыңыз, құрылыс туралы ойыңызбен бөлісеңіз...



– Құрылыс дегеніміз – ауытқуына ешқандай жол берілмейтін стандарттардың, нормалар мен ережелердің толықтай жиынтығы. Себебі, таразы бақында сол ғимараттарда өмір сүретін, жұмыс істейтін адамдардың тағдыры тұр. Мұны құрылысшы мамандығын таңдаған адам ғана түсінеді. Қазір қарап отыр-

саңыз, Приозерск қаласы құрылыс алаңына айналған. Жыл сайын жаңа нысандар салынып жатыр. Ел қуанышына айналған ғажайып кешендердің көптеп салынуына қыстың суығы мен жаздың аптап ыстығында тер төгіп жатқан құрылысшылардың сінірген еңбегі ерен. Олар білікті, іскер де қабілетті маман ретінде елдің әлеуметтік-экономикалық деңгейінің өсуіне айтарлықтай үлес қосуда. Мен сол салынған нысандардың және көпқабатты тұрғын үйлердің ішкі жұмыстарын жасаймын. Су, жылу құбырлары мен кәріз, электр жүйесін тартамын. Тозығы жеткен нысанда жаңғырту жұмыстарын атқарамын. Бұдан бөлек су желілерін орнатумен айналысамын. Қаладағы аялдамалардың дизайн жобасын дамытып, ерекше аялдамалар орнатылды. Бұдан бөлек, Сарышаған кентінде, Гүлшат қонысында құрылыс жұмыстарын жүргіздім. Саябақ, спорт, балалар алаңдарын жөндедік.

– Дұрыс-ақ. Десең те, осы құрылыс саласы жастарды көп қызықтыра қоймайтынын қалай түсінуге болады? Бұл жайт маман тапшылығын тудыратыны даусыз. Дәл осы фактордың бүгінгі құрылыс секторына ықпалы қандай?

– Жасыратыны жоқ, құрылыс саласы білікті кадрларға зәру. Әлгінде айтылған құрылыс нормаларының бұзылуы, жобалаудағы қателіктер маман тапшылығын айқындап береді. Құрылысшы – кәсіпті мамандық. Адам баласының толыққанды өмір сүруі үшін құрылысшыдай қызмет ететін мамандық иелерін саусақпен санап алуға болады. Ал, бүгінгідей жаһандану дәуірі қоғам өмірінің барлық арнасына

дендеп енген шақта жаңа технологияны менгерген жастардың құрылысшы болуға құлық танытпайтыны ашы да болса шындық. Жалпы, құрылысшы асқан жауапкершілікті қажет ететін мамандық. Мұнда ұсақ-түйек қателік болмайды. Нысанды жобалаудан пайдалануға берілгенге дейінгі кезеңде әрбір кадам мұқият ойластырылып, есептеулер жүргізіледі.

– Отбасыңызға ойыссақ. Жолыңызды қуған балаларыңыз бар ма?

– Қазіргі уақытта ұлым Олжас менің жолымды қуып келеді. Бала күнінен құрылыс саласының мамандары сұранысқа ие екенін түсініп өсті. Қасымнан бір елі қалмай, құрылыс нысандарына еріп баратын. Алдымен заңгер мамандығына оқыды. Кейін құрылыс саласының маманы боламын деп шешті. Ұл балаларды құрылысшы мамандығына көптеп тәрбиелеу керек. Бұрын бала күнімізде үлкен үйлердің суретін салып, өскенде құрылысшы боламын деп армандайтынбыз. Балаларды кішкентай күнінен еңбекке баулып, үйретуіміз қажет. Өндірістік тәжірибеден өтуге келсе, жастарды қолдар едім. Қазір құрылысшы мамандығын оқығанымен сол салада еңбек етуге ынтасы жоқ жастар бар. Негізі, қызығы да бар ірі сала. Бастысы, құрылысшы жауапкершілікті сезінуі керек.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Нұрдос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ПРИОЗЕРСК

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Жәрменкеде – отандық тауар

Жаңа оқу жылына дайындық кызу. Әсіресе, тауар өндірушілер де өз тауарларын тиімді бағамен ұсынып, халыққа жәрдемдесіп жатыр. 18-20 тамыз аралығында мектепке қажетті тауарлардың жәрменкесі өтеді. Бұл жәрменке – әлеуметтік осал топқа жататын аз қамтылған отбасылар үшін үлкен жеңілдік. Тауарлар базардағы бағалардан төмен болмақ.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»



Оқуға қажетті құралдар, киімдер бір жерде сатылады. Базар аралап, баға салыстырып сабылудың қажеті жоқ. Жәрменкенің тиімділігі – осы. Қолжетімділікті мақсат тұтқан жәрменке Бұқар жырау даңғылы бойында орналасқан GrandStore сауда үйінде өтеді. Тауарды облысымыздағы өндірушілер ұсынбақ.

Жәрменкеде мектеп формасы, спорттық киімдер сатылады. Сондай-ақ, сөрелерден аяқ киім, кеңсе тауарларын және тағы да басқа қажетті заттарды табысыз.

Сатушылар екіші қабағта, эскалатордың жанында орналасады. Жәрменкенің өтетін уақыты сағат: 10:00-ден 20:00-ге дейін.

• «МЕКТЕПKE ЖОЛ»

«Ақниеттің»

қайырымды ісі

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Жас Орда» жастар қауымдастығының жанындағы «Ақниет» қайырымдылық ұйымы жыл сайынғы «Мектепке жол» акциясын бастады. Акциясының мақсаты – аз қамтылған отбасылардан шыққан мектеп оқушыларын кеңсе тауарларымен қамтамасыз ету.



Салтанат ГЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Кез келген қарағандылық акцияға өз үлесін қоса алады. Ол үшін 8 771 606 4030 номеріне қалаған соманы жіберсе, болғаны. Әр тиын – қымбат. Жиналған қаражатқа аз қамтылған отбасылардың

балаларын мектепке дайындауға көмектесеміз, – дейді «Ақниет» қайырымдылық ұйымының төрағасы Ақтоты Бадамбаева.

Жастар қайырымдылық ұйымы биыл отыз баланы мектепке дайындап, қажетті құрал-жабдықтарын алып беруді жоспарлап отыр.

«Бай болсаң, елге пайдан тисін...»

Нұра ауданының кәсіпкері Гүлзада Маханбетова әлеуметтік осал топқа жататын бес отбасының балаларын мектепке даярлады. Ауданда жыл сайынғы «Мектепке жол» акциясы аясында қайырымдылық челленджі басталды.



Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіпкерлер аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған көмелетке толмаған жасөспірімдерге материалдық көмек

көрсетуге ниетті.

Биыл челленджте бірінші болып кәсіпкер Гүлзада Маханбетова қатысты. Ол бес отбасының балаларына мектепке керек-жарағын алып берген. Мұнымен бірге азық-түлік жиынтықтары мен көкөніс себеттерін қоса табыстап қуантқан.

– Өзім көпбалалы анамын. Менің бес балам бар. Оларды кейде мектепке дайындау қаншалықты қиын шаруа екенін бір адамдай білемін. Сондықтан, жыл сайын көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға барып көмектесуге тырысамын, – дейді Гүлзада. – Осы арқылы аудан кәсіпкерлерін мұндай игілікті бастамадан қапы қалмауға әрі аталған қайырымдылық челленджін жалғауға шақырамын. Біз ынтымағымызды нығайтып, аса мұқтаж жандарға көмектесе алатынымызды түй-

сінетін уақыт келді. Біздің мақсатымыз – мүмкіндігінше көп отбасын қамту. Акцияны Нұра ауданының кәсіпкерлік бөлімі де қолдады.

Әлеуметтік қолдау бастамасы жергілікті кәсіпкерлер арасында қызу қолдау тапты. Олар игі бастаманы әрі қарай жалғастыруға дайын.

Бұған қоса, Нұра ауданында әлеуметтік дүкен ашылған. Тұтынушыларды нарықтық сектен төмен бағамен азық-түлік тауарларының үлкен ассортименті күтеді.



Хабарландыру

«Шұбаркөл Премиум» АҚ ҚР Экологиялық кодексінің 73-бабының талаптарына сәйкес 2023 жылы 21 қыркүйек сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Шұбаркөл а. о., Шұбаркөл а., әкім аппараты, Рысқұлбеков көшесі, 13-үй мекенжайы бойынша 2022-2038 жылдарға арналған «Шұбаркөл Премиум» АҚ «Центральный-2» учаскесінің шекарасындағы Шұбаркөл тас көмір кен орнын игеру кен жұмыстарының рұқсат беру құжаттамасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Бастамашысы: «Шұбаркөл Премиум» АҚ, 100000, ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қ.а., Қазыбек би аты. аудан, Бұқар жырау даңғылы, № 49/6 құрылыс, БСН 130440022185, Директор Азизов Фарит Экремулы, 87212996329, sp-arbat@inbox.ru.

Әзірлеуші: «MINERALS OPERATING» ЖШС; БСН 200140900031; ҚР, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 55/21, С4.2 Блогы, 164 кеңсе; тел. 8(778)7419151; borohova.m@moperating.kz.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО сайтында танысуға болады. Қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4fhqbdJMDjdTK44WxtuGMUWvJGRa3.1>.

ЖАО сайтына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Шұбаркөл а. о., Шұбаркөл а., әкім аппараты, Рысқұлбеков көшесі, 13-үй мекенжайы бойынша немесе borohova.m@moperating.kz, expertiza.upr_krg@mail.ru. электрондық пошталарына қабылданады.

Қосымша апаратты мына жерден алуға болады borohova.m@moperating.kz және 8-778-741-91-51 телефондары бойынша.

Объявление

АО «Шұбаркөл Премиум», в соответствии с требованиями статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 15 час 00 мин. 21 сентября 2023 года по адресу Карагандинская область, Нурунский район, Шұбаркольский с.о., с. Шұбарколь, аппарат акима, улица Рысқұлбекова, дом 13 состоится общественные слушания в форме открытого собрания по Разрешительной документации к Плану горных работ разработки Шұбаркольского месторождения каменного угля в границах участка «Центральный-2» АО «Шұбарколь Премиум» на период 2022-2038 гг.

Инициатор: АО «Шұбарколь Премиум», 100000, РК, Карагандинская область, г.Караганда, район им. Казыбек би, проспект Бухар жырау, строение № 49/6, БИН 130440022185, Директор Азизов Фарит Экремович, 87212996329, sp-arbat@inbox.ru.

Разработчик: TOO «MINERALS OPERATING»; БИН 200140900031; РК, г. Астана, пр. Мангилик Ел, 55/21, Блок С4.2, офис 164; тел. 8(778)7419151; borohova.m@moperating.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также сайте МИО «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области». Ссылка на подключение: <https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4fhqbdJMDjdTK44WxtuGMUWvJGRa3.1>.

Ссылка на сайт МИО: <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также по адресу Карагандинская область, Нурунский район, Шұбаркольский с.о., с. Шұбарколь, аппарат акима, улица Рысқұлбекова, дом 13 или на электронную почту borohova.m@moperating.kz, expertiza.upr_krg@mail.ru. Дополнительную информацию можно получить по адресу borohova.m@moperating.kz и по телефонам 8-778-741-91-51.

№214

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы: fink.kar@minfin.gov.kz

Электрондық пошта:

ortalyk.kaz@mail.ru

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Экономика факультеті түлектері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (математика + информатика), «HR-экономика және еңбек қауіпсіздігі», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару», «Бизнес-аналитика және консалтинг» (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), Мемл. лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№409

• ҰЛТТЫҚ СПОРТ

Ат бабына бақ қосқан

Шабандоз. Осы сөздің түпнұсқасының өзінде қайтпас қайсарлық, табандылық немесе рухтан бастау алар біршама мінездің қылау берері бар. Бұл сөздің арабша баламасы – «Фурусия». Ат үстінен қару жұмсаудың барлық түрін қамтитын әскери сала дегенді білдіреді. Ал, шабандоздың қазақша түсініктемесі – ерті, атқа жақсы отыратын адам. «Шабандоздың қолы қатты, тақымы тас» дегеннің өзі де сөз мағынасы кең ауқымда айтылғанын айғақтайды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

XXI ғасырда аты тарихта қалып, тасан мүсін орнатар небір бәйге аттары бар. Шетелдік жүйріктерді былай қойғанда қазақстандық қолтумалардың өздері таңдай қақтырып, таң-тамаша етеді. «Қоян қасқа», «Самал», «Талхиз», «Аспархан», «Мамайқара», «Бакторы», «Бұйражал» секілді күліктердің шабысына халық куә. Расында, бәйге үшін туылған құлынның тағдыры асыл ғой шіркін. Жас құлынның болмыс-бітімі, арғы тегі оның болашақ бәйге аты болуына бірден-бір кепіл.

Әрине, бәйгенің бас жүлдесін алу атқа байланысты. Десек те, сол арғымақтың арынына не болып, қос тізгінге бағындырған баланың бейінегі ше?! Бала дейміз-ау, бала емес батыр десек артық емес. Осы тұста ол несімен батыр деген сауал орынды. Жанбырлығынан жабағы жүні түспеген сарыауыз балапан жау жайратқан жоқ, расында.

Естеріңізде ме? Ақтау қаласындағы былтырғы маусымжабар аламан бәйгесі. Бас жүлдеге «Нива» автокөлігі тігіліп, 30-40 ат қиқулап шаққанда Қобылан Таңатаровтың «Айкүрең» тұлпары соңғы айналымда мәреге сәл қалғанда сүрініп, ажал құшқаны. Сонда үстіндегі қаршадай бала көзінің мөлт еткен жасын қайыс қамшымен сүртіп, «Айкүрең» аттың баясын жүгенін шешіп алып, мәреге жау жүгіріп келіп еді ғой. Бұл оқиға көптің жүрегін елжіретіп, біршама жұрттың ыстық ықыласын алды. Тіпті, әлеуметтік желіде бейнесі тарап, атсүйер қауым сүйсінген-тін. Міне, сол қаршадай бала қазір Қарағанды төрінде атақты атбегі Ербол Жәкештің «Үміт», «Ажар» сынды шашасына шаң жұқпаған күліктерімен Мейір бәйгеден оқ бойы озып, бас жүлдеге ие болды. Содан бері Мейір Ербол Тұрсынұлының командасында бірнеше бәйгеде атқа шабады. Ол аз десеңіз, былтырғы Астанада дәстүрлі түрде өтетін Президент кубогының бас жүлдесі де алдына қара салмаған «Қамбар» атпен Мейірдің еншісінде. Қарағандыда өткен Сайдалы баба асында да «Тайвань» деген тұлпармен «джип» автокөлігін ұтқан да осы Мейір.

Жә, айта берсек, мақтар, мақтанар асу көп. Мейірдің тақымына тиген тұлпардың аламаннан жүлдесіз ораламағаны хай. Мейірдің кеше ғана Қарқаралының Егіндібулак ауылындағы «Алтын тай» тай бәйгесінде «Жезкиік» атты таймен бас жүлдені алғанын біреу білсе, біреу білмейді. Көкпардың атақты аты Намысқөктің иесі Нұрлан Намысовтың қарапайым қолтума-сы «Жезкиіктің» бұл қарқын қалып елдің



Одан кейінгі жылдары да Мейір ат қосқан елдің аузында жүріп, жүлделі тұғырлардан түскен емес. 2022 жылы Еркіндік ауылының тумасы, табалдырығынан тұлпар тұяғы үзілмеген атбегі Ербол Жәкештің «Үміт», «Ажар» сынды шашасына шаң жұқпаған күліктерімен Мейір бәйгеден оқ бойы озып, бас жүлдеге ие болды. Содан бері Мейір Ербол Тұрсынұлының командасында бірнеше бәйгеде атқа шабады. Ол аз десеңіз, былтырғы Астанада дәстүрлі түрде өтетін Президент кубогының бас жүлдесі де алдына қара салмаған «Қамбар» атпен Мейірдің еншісінде. Қарағандыда өткен Сайдалы баба асында да «Тайвань» деген тұлпармен «джип» автокөлігін ұтқан да осы Мейір.

Жә, айта берсек, мақтар, мақтанар асу көп. Мейірдің тақымына тиген тұлпардың аламаннан жүлдесіз ораламағаны хай. Мейірдің кеше ғана Қарқаралының Егіндібулак ауылындағы «Алтын тай» тай бәйгесінде «Жезкиік» атты таймен бас жүлдені алғанын біреу білсе, біреу білмейді. Көкпардың атақты аты Намысқөктің иесі Нұрлан Намысовтың қарапайым қолтума-сы «Жезкиіктің» бұл қарқын қалып елдің

аузынан әлі түскен жоқ. Ат күшін атбегі біліп баптаса, оның бабына бақ қосып, бәйгеден келтірер бала ғой.

– Әрине, кейде топ бәйге, аламан бәйгеде алғашында тосырқау, сәл қобалжу болады. Бірақ бірде-бір бәйгеде менің

лам деп емес, ұтам деп шабады. Ұтудың жолында ештеңенен тайынбайды десек болады. Өйткені шабандоз – бұл батылдықтың, жүректіліктің, жігер мен намыстың сыналар тұсы. Ал, бұл мінездің бәрін спортқа салу, міне, сол нағыз спортшыға тән қасиет. Спорт, оның ішінде, ат спорты болған соң, «қамшымен сабаудан» басқаның бәрі заңды, – дейді Мейірдің астындағы аттарын баптаған атақты бапкер Жайық Жауаров.

• ТЕННИС

Турнирде теңдесі табылмады

Қаирде өткен ITF сериясындағы беделді «CAIRO EGY 12 SMASH ITF JUNIOR TOURNAMENT J100» теннис турниріне Египет, Сербия, Тунис, Ресей, Қазақстан, Испания, Марокко, Аустралия, Франция, Америка, Германия, Кипр, Румыниядан келген теннис шеберлері жиналды. Турнирде қарағандылық Әмір Омарханов чемпион атанды.

Әмір ресейлік теннисші Артем Мантисовпен жұптасып, қарсыластарын айқын басымдықпен жеңді. Ақтық сында египеттік Мұхаммед Нассер Абузид пен Испаниядан келген Бернардо Мунк Меса қарсы шығып, 6:3, 6:3 есебімен ұтты.

– Биыл 16 жасқа толамын. Тенниспен бес жасымнан айналысамын. Турнирден көп нәрсе түйдім. Бұл алдағы турнирлерге жол ашты. Енді Египеттегі сайысқа қатысамын. Кейін тағы Қаирге келемін. Қазан айында Испанияда өтетін жасөспірімдер арасындағы Дэвис кубогына дайындық жиындары басталады, – деп бөлісті Әміре Омарханов.



• СПАРТАКИАДА

600-ге жуық спортшы бас қосты

Қарағандыда қала әкімдігінің ұйымдастыруымен Спорт күніне арналған «Арай-2023» облыстық аумағындағы қалалардың спортшылары арасындағы XVI облыстық жазғы спартакиада басталды. Ауқымды сайыстың салтанатты ашылуы Қарағанды орталық саябағының жазғы сахнасында өтті.

Спартакиада ашылуынан соң қатысушылар мен көрмендер тараған жоқ. Олар түрлі ойын-сауық бағдарламасына отандық Сергей Цырульниковтің, «Мозик Лайф Бэнд» тобының және өзге де көңілді қойлымдарға куә болды.

Спартакиадаға Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Приозерск, Саран және Шахтинск қалаларынан 600-ге жуық спортшы қатысуда. Олар армрестлинг, волейбол, казак күресі, жеңіл атлетика, үстел теннисі, шағын футбол, жазғы Президенттік көпсайыс, пауэрлифтинг, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы, асық ату (бес асық) спортынан сайысқа түсуде.

• ХОККЕЙ

Жеңіліс жеңіске бастайды

Хоккейдің ел кубогы алдындағы дайындығы аясында кезекті жолдастық матчта қарағандылық «Сарыарқа» командасы атыраулық «Бейбарыс» қабылдады. Кездесуде жерлестеріміз қонақтарға 2:3 есебімен жеңіліп қалды.

Алдымен, есепті «Сарыарқа» клубының шабуылшысы Евгений Григоренко ашты. Көп ұзамай Евгений Григоренко есепті 2:0-ге жеткізді. Қарсыластар да өз кезегінде шабуылға шығып, жерлестердің қақпасын нысанға ала бастады. «Бейбарыс» клубының ойыншылары Антон Елисенко, Александр Ананичев, Эдуард Гринь соққан голдар жауапсыз қалды. Ойын соңына дейін таблодағы есеп өзгерген жоқ.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• БӘРЕКЕЛДІ!

Ардагер әулетінен шәкіртақы

Талабы бар балаға қолдау керек. Қарқаралы ауданындағы Ақтерек ауылында 1-сыныптың үздік оқыған балаға бір реттік шәкіртақы берілді. Шәкіртақын сондағы Атынтай жомарттар тағайындаған.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Былыр Ақтерек ауылының Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №26 орта мектебіндегі бір кабинетке Еңбек және соғыс ардагері, кадрлі ұстаз Сәдуақас Өскенбайұлының аты берілген еді. Жаңадан ашылған кабинетте бірінші сынып оқушылары білім алады. Ашылу рәсіміне Сәдуақасовтар әулетінің өкілдері қатысып, 8 балаға оқуға қажетті құрал-жабдықтар салынған арнайы сөмкелер сыйға тартқан. Сонымен қатар, оқу жылын «өте жақсы» деген бағаға аяқта-

са, шәкіртақы беруге уәде еткен болатын. Әулет өкілдері сөздерінде тұрып, былтырғы оқу жылын үздік бағамен томамдаған 4 балаға 20 мың теңгенің сертификатын табыстады. Тағы 5 балаға 10 мың теңгеден тарту етті.

Табыстау рәсіміне аудандық білім бөлімінің басшысы Абылай Армияұлы мен Сәдуақас Өскенбайұлының баласы Тілек Сәдуақасұлы қатысып, балаларға жылы лебізін жеткізді.

Мұндай шәкіртақы биыл тұңғыш рет беріліп отыр. Бұдан былай да жалғасын табады дейді ардагердің ұрпағы.

• ЧЕМПИОНАТ

Қарағандылық клуб Көкшетауда бақ сынамақ

Қарағандылық «Сағарқа» хоккей клубының 30 ойыншысы Көкшетау қаласына барды. Онда Қазақстан чемпионаты өтеді деп жоспарланған. Естеріңізді сала кетейік, «Сағарқа» клубы «В» тобында ойнайды. Біздің командада «Ертіс», «Арлан» және «Хумо» командалары қарсылас болмақ.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетсек, бұдан бұрын қарағандылық «Сағарқа» Астана қаласының үздіктері «Nomad» клубымен жартылай финалда бақ таластырған еді. Ойын басталысымен-ақ, кеншілер қаласының шайбашылары бірден шабуылға көшті. Соның нәтижесінде «Сағарқа» ойыншысы Антон Злобин қақпаға шайбаны дәл бағыттай алды. Ойын есебі 1:0. Бұл аста-

налық команданың жылдам әрекетіне мұрындық болғандай. Ойынның соңғы кезеңінде астаналық клубтың белді ойыншысы Андрей Шутов есепті 1:1 қылып теңестірді. Бұдан кейін алаң иесі Эмиль Нұрғалиевтің жасаған соққысы қақпаға дөп барып, есеп еселенді. Бұл ойыннан ерекше көзге түскендер дәл осы Көкшетауға баратын хоккейшілер арасында бар. Аталған дүбірлі додада бақтары жанып, кубок иеленіп келсе, «Сағарқа» клубын биік белестер күтеді.



ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сағарқа Ақпарат» ЖШС
Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;
Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.
Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.
«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZXX БИН 000840001412
Таралымы 4 396
№ 91 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.
Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРІК НАРЫН